



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТІҢ КӨЛЕНКЕСІНДЕ ҚАЛДЫ



Полиция азаматтар бойындағы қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ету керек. Оның басты миссиясы осы болуы тиіс. Өкінішке қарай, бүгінде тәртіп сақшысының негізгі мақсаты қылмыспен күрес болып тұр. Бұл бар назарды құқықбұзушылыққа алып келеді. Сондықтан, оның негізгі нысандары қылмыс және құқықбұзушы, ал жұмысының негізгі көрсеткіші қылмыстың ашылуы, айыппұлға тартылушылар, тұтқындалушылар, айыпталушылар саны болып отыр. Осылайша ұзақ уақыт бойы жергілікті полиция қызметкерлерінің жұмысы тек қана анықталған құқық бұзушылықтар мәліметі негізінде бағаланып келді. Ал, азаматтардың қауіпсіздігі мәселесі осы көрсеткіштердің көлеңкесінде қалды.

(Соңы 3-бетте)



ӘЛЕМ ТЫНЫШТЫҒЫН  
САҚТАУДЫҢ ҚҰНЫ  
ҚАНША?

3-бет



ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ –  
АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН  
ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ

4-бет



ТІЛ – ҰЛТТЫҢ  
НӨР АЛАТЫН ТАМЫРЫ

8-бет

МІНБЕР

## БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

2022 жылдың 5 мамырында ел Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңның 18-бабына сәйкес Ата Заңымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысы шықты. Соған орай ел өміріндегі аса маңызды референдум осы қаулыға жарлық шыққан күннен тура бір айдан кейін, нақтылай түссек, 5 маусым күніне белгіленіп, өткізілгелі отыр. Әрине, бұл ойланып шешім қабылдауға жеткілікті мерзім.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев 5 мамыр күнгі үндеуінде жарияланған қаулы туралы былай деді: «Конституция реформасы мемлекеттің барлық моделін кешенді түрде трансформациялауға бағытталған. Өзгерістер «суперпрезиденттік» басқару формасынан ықпалды Парламент пен жауапты Үкіметі бар парламенттік республикаға өтуді көздейді... Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ, саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет. Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек».

Осыған қоса, ел басшысы бұл мақсат орайында өз тапсырмасымен арнаулы жұмыс тобы құрылғандығын, оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы орган өкілдері кіріп отырғанын атап көрсетті. Бұл жұмыс тобының қатысуымен Негізгі заңға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобасы әзірленіп, ол мұқият зерделеніп, жан-жақты талқыланып, Конституциялық Кеңеске жолданған. Президент өз мәлімдемесінде Ата Заңның үштен бірі өзгеретініне, Конституцияның мүлде жаңа сипатқа ие болатынына, және бұл ауқымды өзгерістер бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуы тиістігіне баса тоқталды. Әрине, бұлардың барлығы ел көкейінде сенім мен үміт отын тұтандыруы тиіс.

### Күткеніміз – кесек әрекет

Бүкілхалықтық референдум өткізудің мәні мен мағынасы да басқарушы биліктің осындай шешімді іс-әрекеттері арқылы таныла түсері анық. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ел назарына ұсынылатын жаңарған заң нұсқасында, Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігі көзделгендігін атап өтті. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторға басшылық қызмет атқаруға тыйым салынуы, құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістердің енгізілуі, сонымен бірге, осы талаптар бойынша Конституциялық Сот құрылуы көпшілік көкейінен шығуы тиіс. Мұның барлығы адам құқығын қорғау мүддесінен туындап отыр. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл – омбудсменнің мәртебесі Ата Заң бойынша айқындалады. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғандығына дәлел болмақ. Жаңа Қазақстан құру идеясы да осы тұрғыдан қозғалғандығы айқын.

(Соңы 2-бетте)

СҰХБАТ

Марат САҒЫМБЕК,  
Алматы облысы Панфилов  
ауданының әкімі:

### «ЕЛ БАСҚАРУ ІСІНДЕ ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕН БИІК МҮДДЕ ЖОҚ»

– Марат Рахымбердіұлы, алдағы конституциялық реформалар ел өміріне қандай өзгерістер әкеледі деп ойлайсыз? Жедел жүзеге асып жатқан саяси іс-шаралардан халық толықтай хабардар деп есептейсіз бе?

– Қаңтар оқиғасынан кейін ел өмірінде елеулі саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер орын алды. Оған қазір бәріміз куә болып отырмыз. Бүгінгі конституциялық реформа да сол саяси оқиға, елдік толқулардан басталды деуге болады.

(Соңы 5-бетте)



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаңтар оқиғасынан кейін елімізде үлкен реформалар жасалуға тиіс екені басы ашық айқын болып көрінген, мұны әрқайсысымыз өте жақсы сезіндік. Ендеше, Президентіміз Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізуді қажет деп тапса, тіпті, жыл аяғына дейін 20-дан астам заңға өзгеріс енгізуді үкіметке жүктеп отырса, күткеніміздің өзі осындай кесек әрекет емес пе еді, одан неге шошындық?

**«Темірді қызған кезде соққан» дұрыс**

Жалпы, кез келген мемлекет тарихында, оның ішінде, қазақ елінің аргы-бергі тарихында да түрлі саяси ауытқулар, ел өмірін мүлде басқа арнаға бұрған қоғамдық өзгерістер болып келген. Сондықтан, Қазақстанның бүгінгі кезеңдегі жаңа бағыт, тиіс, соны шешімдерге ұмтылысын заңдылық деп қабылдауымыз керек. Әрине, ел өміріндегі шұғыл бетбұрыстар, жаңашыл реформалардың қайшылықты көзқарастар туындатуы да қалыпты жағдай. Сын, өткір пікірлер болмай тұрмайды, және айтылуы керек. Ел Президенті де ашық пікірталастар алаңына жол ашты, әркімнің жариялы түрде өз ойын білдіруіне қақысы барын жолдаулары мен мәлімдемелерінде де қайталауда. Өткізілгені отырған бүкілхалықтық референдум да көптен бергі ел көкейіндегі түйткілді толғаныстардың, қоғамдық белсенді талқылаулардың нәтижесі.

Бұл референдумды өткізудің маңыздылығына байланысты, біз оның бірнеше себеп-салдарын атап берер едік, біріншіден, тәуелсіз Қазақстан тарихында Ата Заңымыз жалғыз-ақ рет, 1995 жылы ғана бүкілхалықтық референдум талқысына ұсынылған екен, осының өзі бұл қадамның тарихи орнын айқындар бірегей шешім екендігіне дәлел-факт. Екіншіден, референдум, «Темірді қызған кезде соқ» демекші, нақ осы бір тарихи кезеңде, қажеттілігі туған уақытында, қабылданып отыр. Бұл шешімнің тез әрі шұғыл қабылдануын, қаңтар оқиғасы жеделдетіп жібергеніне бірегей шешім. Осының өзі, Мемлекет басшысының халық тілегімен орайлас іс-әрекетке баратынына, қоғамдық мүддемен санасып, шешім қабылдайтынына айғақ. Алдағы болмақ мемлекеттік маңыздылығы аса жоғары бүкілхалықтық референдумда ел талқысына салынбақ Ата Заңымыз өзінің өзгертулері, толықтырулары бірауыздан оң шешіммен ел болып қабылданатынына шын жүрегімізбен күмәнсіз сенеміз және қолдаймыз. Ата Заңымызды сол қасиетті атауымен ел болып сыйлауға баршамыз жауапты, әрі міндеттіміз. Ендеше, бұл бағытта Ел Президентін жұмыла қолдауға тиіспіз.

Жасыратыны жоқ, бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді, әр көкейде бір арман, аталмыш мәселе турасында сан-саққа тартып, бүйректен сирақ шығарып жүргендер көп. Сондай алып-қашпа пікірлерге ден қойсақ, кейбіреулердің уәжі Президент Қ.К. Тоқаев Конституцияны түбегейлі өзгертпейді, немесе, Ата Заңның мүлде жаңаша варианттын жасап, неге ел талқысына ұсынбайды дегенге саяды.

Кейде пікір-көзқарасымыз қайшылықта болуы заңдылық та шығар. Біреулерге өзгерістер, бетбұрыстар ұнамай қалып жатады, жаңашылдықтан, реформашылдықтан үркіп, астар іздеп жатады. Сан қилы аумалы-төкпелі, құбылмалы саясатты тарихи өткелдерден өткен, жемісі мен жемісіне аралас қым-қуыт хандық дәуірін бастан кешсе де, сол кезеңнің қазағы еркін еді, тілі еркін, азат үнді, өткір болатын. Тек одан кейінгі екі ғасырға жуық басқа киігізілген отаршылдық камыты ешкімге бас имей келген асау жұрттың арынын басты, есесен түсірді. Отаршыл үстем империя еріксіз бағынышты болған халықтың осал тұстарын түбегейлі зерттеп, әр адымын есептеп, уысыннан шығармауға тырысып келді. Осылардың зардабын өр халық аз уақыттың ішінде ұмыта алмас.

**Басшысына қарап елін таны**

Қазақстан өмірінде әркілі қиындық, кедергілер туындап жатса, алауыздық, саналуан қайшылықтар өрбip жатса, біз оның негізгі себеп-салдарын әріден іздейміз. Біздің жұртымыздың тәуелсіздігін өзіне қимайтын, тіпті, көп көретін сырт көз көп. Оны қаңтар оқиғасы да көрсетті. Қайтсе, есебін

# БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

тауып, ел ішінен де, сырттан да шығарғысы келетін, жөнсіз араласып, дау-жанжал тудырып, тіпті, қантөгістерге ұластырып, елдігіміздің шаңырағын шайқалтып, берекесін қашырып, жұртымыздың тоз-тозын шығарғысы келетін күштер бар екені ілгері тарихымызда да аян болған. Мұны қаңтар оқиғасы да дәлелдеп берді. Осының бәрі біздің жұртымыздың ел болып ұйысуына, бір сөзді болуына, ынтымақты бола түсуіне сабақ, нұсқау болуға тиіс. Ел Президенті де осыны қайталай еске салып, жұрттың талмай, бірлікке шақыруда, оған баршамыздың көзіміз жетіп келеді.

«Жаңа Қазақстан» атауына оралатын болсақ, кез келген болашақтан үмітті, халықшыл мемлекет жаңашыл реформаларға ұмтылуы заңдылық. Жанару мен жаңғыруға ұмтылыс – ел өміріне серпіліс пен сілкініс әкеледі, бұл ежелден солай. Тарих белестеріне үңіліп отырсақ, кез келген дамыған өркениетті елдер, саяси даму бағытында жаңа реформалардан қашпаған, батыл жаңа шешімдер қабылдап отырған. Тіпті, мысалды өзге елдерден іздемей-ақ қояйық, өз еліміздің тарихынан да бұған келтіретін мысал жеткілікті. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукеңің тұсында қабылданған Жеті Жарғы ел өміріне үлкен серпіліс әкелген, Қазақ хандығының елдік тұғырын бекемдеген, іргесін бекіткен жаңашылдықпен жұрттың сендірген қасиетті заңдар болатын. Аталуы өзгеше болғанымен, олар өз заманының талабына сай жасалған реформашыл, яғни, жаңашыл заңдар болғандығы қак.

«Басшысына қарап, елін таныған» жұрттың өкіліміз ғой, Президентіміз бен ел мүддесінің екі айырылуы – тығырыққа тірелу, болашаққа сенімсіздік, үмітсіздікке бастар жол, осы қарапайым қағиданы ұғар болсақ, алдымыздағы бүкілхалықтық референдумға, аты айтып тұрғандай, бірлігі жарасқан ынтымақпен, жұртымыз болып тұтасып, баршамыз осы мемлекеттік маңыздылығы аса жоғары саяси науқанға атсалысуға мүдделіміз, әрі міндеттіміз.

**Өзің отырған бұтақты кеспес болар**

«Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» дегендей, ескі жүйені бас салып сынап, құрдымға батыра беру ешкімге абырой әпермес, бұл ағаштың басына өрмелеп шығып алып, өзін отырған бұтақты шапқанмен бірдей әрекет. Дегенмен, дүниенің бәрі салыстыра сараптаудан тұрады, қателіктердің кеткендігі шындық, ендеше, ілгеріде кеткен олқылықтар мен ағаттықтардың қайталанбауына баршамыз жауаптымыз. Өткен кезең, шалыс басқан баспалдақтарымыз бізге сабақ болып, қызмет етуге тиіс. Ата-бабаларымыз басып өткен жолдар да осыған меңзейді. Алдыңғы ұрпақ «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп, ел ұстанымына сын көзімен қарап, електен өткізіп, екшеп, сұрыптап отырған ғой.

Ашығын айтуымыз керек, біз бүкілхалықтық референдум өткізуді, яғни, мемлекеттік маңызы жоғары істі барша жұртымыз біле, кеңесіп шешуді, ел болып талқылауды ұмыта бастадық. Тәуелсіз Қазақстан тарихында Ата Заңымызға байланысты бүкілхалықтық референдум 1995 жылы өткізілген екен. Отыз жылдық ел тарихы үшін бұл, әрине, тым аз болуы мүмкін. Осыны қазіргі Президентіміз дер кезінде көре біліп, ескеруі көрегендік шешім. Тырнақ астынан кір іздей бермей, неге осындай оң істерді дер кезінде көріп, қадіріне жете біліп, көтермелеп, қолдап кетпессе? Президентіміз елдіктің жолын нұсқап, маңызды істерді шешуге әрқайсысымыздың құқылы екендігімізді ашық көрсетіп отырған жоқ па? Терісті – теріс деп, ал оң шешімді ел болып бірауыздылықпен бірігіп, қоғамдасып қабылдауға қашан бейімделер екенбіз? Міне, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың наурыз айының аяғына таман халық талқысына ұсынған аса

маңызды жолдауының жарияланғанына да біршама уақыт өтіп үлгеріпті. Біздіңше, Президент шешімі кесімді түрде, айттым бітті, кестім үзділі тұрғысынан берілген жоқ, ең алдымен, осыны ұғып алу еліміз үшін аса маңызды. Әйтпесе, бізде анау айтты, мынау айтты деп жаллаулатып, желпілдетіп, жақсы бастаманы сансаққа жүгірту көбейіп кетті. Ең бастысы, Президент ашық, жариялы пікірге мүмкіншілік берді, ешкімнің аузына қақпақ қойып отырған жоқ. Бұл туралы жолдауында анық та айқын адал пікірін білдірді. Сондықтан, мұрат-мүддесі бір замандас, бауыр, тығырықтан шығар жол тапсаңыз, жариялаңыз, көрсетіңіз, ұсыныс білдіріңіз. Біз Президенттің қазіргі іс-әрекеттерінен билік шеңберіндегі өктемділікті, тізеге салғандай өзіншілдікті аңғарып отырған жоқпыз.

**Жаңашылдық – ескіні жою емес**

Өз заманымызда болып жатқан ауқымды, әрі аса маңызды өзгерістерге оң баға беру үшін жиі-жиі өткен тарихымызға, ата-бабаларымыз басып өткен жолдарға жүгініп отыруға тура келеді. Әрине, ол жолдардың бәрі тақтайдай тегіс болған жоқ, талай билеушілеріміздің, яки, жұртымыздың алдынан «ел болып қаламыз ба, қалмаймыз ба?» деген күдік пен күмән аралас сұрақ туындаған, тығырыққа тірелген жағдайлар да болған. Иә, сол сындарлы салмағы мол, ауыртпалығы санқилы, аласапыран шактардан да әуірімдеп өтіптіз. «Ауруын жасырған өледі» дегендей, еліміздің басынан кешкен ауыр кезеңдерді де айтпай тұра алмаспыз. Халқымыздың басынан өткен жақсы күндер де, жаман күндер де, сан қияға соққан аумалы-төкпелі кезеңдердің баршысы бүгінгі ұрпаққа сабақ. Халқымыздың басына кара бұл болып төнген қандай қиын күндерімізден қиуын тауып алып шыққан, жұрттың жұмған жұдырықтай етіп, жұмылдыра білген

«Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» дегендей, ескі жүйені бас салып сынап, құрдымға батыра беру ешкімге абырой әпермес, бұл ағаштың басына өрмелеп шығып алып, өзін отырған бұтақты шапқанмен бірдей әрекет. Дегенмен, дүниенің бәрі салыстыра сараптаудан тұрады, қателіктердің кеткендігі шындық, ендеше, ілгеріде кеткен олқылықтар мен ағаттықтардың қайталанбауына баршамыз жауаптымыз. Өткен кезең, шалыс басқан баспалдақтарымыз бізге сабақ болып, қызмет етуге тиіс.

кеменгер шешімді, ақылман билеушілеріміз болғандығы тарихымыздан жақсы мәлім.

Ал сол күдіретті хандармыз өздерінің алдындағы дүниені тітіреткен, Ұлы Далада сайыпқыран Шыңғыс хан құрған айбынды мемлекеттің, одан кейінгі Қазақ хандығының негізі қаланған Жошы құрған Түрік қағанатының, оның ұрпақтары билік еткен, үш ғасыр бойы әлемді дүр сілкіндіріп мойындатып, салтанат құрған Алтын Орда, жалғаса пайда болған Ақ Орда, Көк Ордалардың мемлекеттік құрылым жүйесінен, елдік тұғырында қабылданып, тұтынған заңдарынан үлгі-өнеге алғандығы сөзсіз. Жаңашылдық дегеніміздің өзі ескінің бәрін түп тамырымен жойып, жоқ қылу деген ұғым тудырмаса керек. Тарих сабағы қай заманда да алғашқы орында болып келген, өткенінің жақсысын жаманын айырып, өз заманына сай бейімдеу, лайықты қорытынды жасай біліп, жаңашыл заңдар шығару – елдігіміздің басты мүддесі болып келгені аян. Демек, Жаңа Қазақстан – алдындағы тарихи өнегесі мол, санғасырлық өткен белестерінен сабақ ала білген, сонымен бірге, өз заманына лайықты ұстанымы бар, жаңашыл, реформашыл бағыттағы ел болуды мұрат тұтпақ. Бұл дегеніміз, бір орында тұрып



Досжан ӘМІР, Ақмола облыстық сотының төрағасы

қалушылықтан, таптаурындылықтан бойды аулақ салу, яғни, өз сонарынды, жаңа бағытыңды іздеп табуға құлшыныс деп қабылдаймыз және қолдаймыз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеніне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды.

...Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жанару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

...Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған. Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек», – деген еді.

Иә, кезіндегі Қазақ хандықтарының атағы дүрілдеп, алысқа кетуі, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, ел-жұрттың бақытқа кенеліп, төңірегін түгел мойындатқан салтанатқа жетсе – осы Президентіміз айрықша мән беріп отырған дала демократиясының өрістеуінің нәтижесі еді. Осы дала демократиясы, ұға білгенге, ілгеріректе Мөңке би,

тарихка енген сол билеуші хандарымыздың өздері демократиялық бағытты берік ұстанды, ел танып, таңдаған кеменгер көсем-абыздары, би-шешендері, ақын-жыраулары да мемлекеттік маңызды мәселелерге араласты, билермен тең құқылы болды. Тарихтан белгілі, ел абызы Асан қайғы үлкен оқиға тұсында, Әз Жәнібек ханға «Әй, хан, мен айтпасаң білмейсің!» деп арнау айтып, өткір талабымен ханның жер-жебіріне жетіп, ұрсып та алатыны бар. Сондағы оның арқа сүйегені – қарапайым халқы. Міне, қасиеті мол, қабырғалы елдің құдырет-күші!

Сондай-ақ, хандарымызға ақылшы, данағой болған тағы бір абызымыз Бұқар жыраудың реті келгенде айбарлы арыстандай аузы билеуші Абылай ханның алдында тілін тартпай: «Халықтың қасында сен кімсің, кеше ғана Сабалақ атанып, Төле бидің түйесін баққан құл емес пе едің?» деп, бетқаратпас мысымен ханның өзін тұқыртқанда, оған дем беріп отырған халықтың өзі болатын. Әйгілі абыз бабамыз еліне арқа сүйеп күш-қуат алған, ханнан именбеген. Біздер мақтан тұтатын нағыз елдік демократиялық сипат, өнегелі тарихымыз осы емес пе?

**Дала демократиясы бізге берді?**

«Дала демократиясы халқымызға не берді, оның еліміз үшін маңыздылығы неде?» – деген сұраққа келер болсақ, бұған кең ауқымда, әртарапты жауап беруге болады. Ең алдымен, жинақтап айтар болсақ, сан ғасырлар бойғы тарих белестеріндегі аумалы-төкпелі кезеңдерге төтеп беріп келсек, қандай ел басына төнген аласапыран замандарда тоз-тоз болып, ыдырап, шашырап, ұсақталып кетсек те, бара-бара, біржола жоғалып кетпей, қайтадан жиналып, тұтаса бастасақ, бірлігіміз бен ынтымағымызды сақтай алсақ, жасанып, құрауына алып, жерімізге қаһарын төгіп, ел іргесіне төніп келген, тіпті, жерімізге баса-көктеп, бойлай енiп кеткен, аямасқа бекінген жаудың бетін тойтарып отырсақ, халқымыз қанды қырғынға ұшырап, шығынға белшесінен батып, тіпті, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрса да, бойларынан күш тапса, енселерін тіктесе, жауларынан үстем түсіп отырса – мұның ең басты қуат-күші дала демократиясының сақталуында. Яғни, билеушісі мен бұқарасы бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлікпен ынтымақтасуында, жұмыла қарекет қылуында дер едік.

Олай болса, Президентіміз, осыншалық құдыретті күшке ие болған, аса әлеуетті, тағалымы мол, ұлағатқа толы, сан ғасырлар бойы елдігіміздің туын түсірмеген, елдігіміздің сақталуына, ата-бабадан ұрпағына аманат болып қалған қасиетті жеріміздің сақталуына ықпал еткен, сан ғасырдың сынағынан өтіп, өнегесі біздің заманымызға жеткен, ұзын шалқар тарихи көшімізде жосылып іздері жатқан дүбірлі даңқы бар даналық тұжырымды дала демократиясын жаңғыртуға құлық танытып отырса, неге қолдамасақ?

Елімізде маусымның 5-і күні өткізілгені отырған бүкілхалықтық референдум да кездейсоқ, аяқасты қабылданған шешім емес. Алдағы ел болып, жұрт болып қолға алар, аса маңызды мемлекеттік істерге бастап алып барар баспалдақ, әзірге алғашқы талпыныс деп қабылдайық. Осындай маңызды істердің тұсында, әрқайсысымыз әр қияға тартпай, ортақ іске ел болып жұмылайық. Қазақтың кеменгер ақындары Абай мен Ахметтер орыстың мысалшы ақыны Крыловтың «Аққу, шортан һәм шаянын» өз заманында кездейсоқ аударған жоқ еді. Уақыт талабына сай, халқына арнар сөздерін осындай мысал формасында ұсынаған болатын. Қиын да күрделі заманда, осылайша тығырықтан шығар жол іздеген еді. Сол даналарымыз көтерген мәселелер біздің осынау дәуірімізде де маңыздылығын жойған жоқ, аталмыш мысалда айтылғандай, арбаға қосарланып, бірге жегілсек те, біріміз аққуша көкке көтеріп әкетуге тартсақ, үшіншіміз шаянша құрғаққа ұмтылып жатсақ, береке-бірлік бола ма?

Дегенмен, біздің заманымызда сол даналарымыздың басына түскендей қиындықтар туып тұрған жоқ, оған мың шүкірлік! Ойымызды ашық айтып, еркін, жасқанбай білдіруге мүмкіндігіміз бар, осының өзі зор бақыт екендігі анық. Олай болса, ел болып, жұмыла қимылдар, ортақ іске бірігіп, ынтымақтаса әрекет қылар мезгіл туды. Елдігіміздің нышанын аңғартып, Президентімізге қолдау білдірейік, ағайың!



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАН

# ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТІҢ КӨЛЕНКЕСІНДЕ ҚАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің ел дамуының жаңа көжиектерін белгілеп берген биылғы наурыз айындағы жолдауында адамдар тыныштығының сақшысы полиция қызметін жандандыруға қатысты да міндет жүктеді. Ол бұл институтты әлемдік тәжірибеге сай халықпен серіктестік негізінде жетілдіру арқылы қылмыстың алдын алу мәселелерін қамтиды. Жуырда Елордада «Қазақстандағы полиция жұмысының сервистік үлгісі» деген тақырыпта өткен форумда осы мәселе кеңінен талқыланды. Оған Президент Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Ержан Жиенбаев, Бас прокурор Берік Асылыов, Еуропа Одағының Қазақстандағы елшісі Янкаускас Кестутис, сонымен қатар, мемлекеттік органдар, дипломатиялық миссия, заңгерлер және ғылыми қауымдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жалпы, елімізде бұл бағытта реформа жүріп жатыр. Яғни, бүгінде тәжірибеге енгізіліп жатқан полицияның сервистік үлгісі тыныштық күзетішінің жұмысын сапалы түрде қайта бейімдеу, жүйені әкімшілік-әміршілдік жұмыс стилінен ажыратып, адамдармен жанды қарым-қатынасқа бағыттау, жан-жақты сараптау негізінде нақты мәселелерді шешуге бағытталған әдісті қолдану. Жиында айтылған әңгіме барысында түйеніміз, сервистік үлгінің миссиясы болып табылатын азаматтарға қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ету құқықбұзушылықтың алдын алу және тұтынушыға бейімделген жұмыс әдісіне көңіл бөлуіне. Желді жұмыс істеу болған оқиғаға назар аударумен бірге сонымен қатар қауіпсіздік мәселелерін алдын ала шешуді қамтиды. Оның негізгі нысаны азаматтар мен қауымдастық, ал тиімділіктің көрсеткіштері қылмыстылық көрсеткіштерімен қатар азаматтардың қауіпсіздік сезімі, полицияға деген сенімі, қоғамның өмір сүру сапасы. Жалпы, сервистік полиция қызметінің мақсаты қылмысты анықтау емес, оның алдын алу, қашанда көмек көрсетуге дайын болып, тұрғындармен сенімді қарым-қатынас орнату. Яғни, мәселенің мәні қызметкерлердің ойын түбірінен өзгерту, тек полиция емес, жергілікті атқару орындарының жұмысын ұйымдастыру.

Сервистік полицияның бірінші үлгісі жоқ, бірақ ортақ қағидаттары бар. Ол полицияның танымалдығы, қолжетімділігі, қайырымдылығы, ашықтығы және есептілігі. Әр елдің сервистік полициясының өз үлгісі бар, олар нақты жергілікті жағдайға бейімделіп, ұлттық мәдениет, заңнама, және ресурстық мүмкіндіктер есепке алынады. Қазақстан бұл институттың үш басымдығын айқындады. Олар азаматтардың полициямен байланысын барынша жеңілдететін қадамдық қолжетімділік. Екіншісі, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған тиімді жұмыс үрдістері. Үшіншісі тұрғындармен, құқықбұзушылықтың алдын алу нысандарымен тығыз серіктестік.

Қадамдық қолжетімділік бойынша қажет жерлерде полицияның үнемі қасында екендігін сезінуді қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс жүріп жатыр. Бұл учаскелік пункттердің, ұтқыр күзеттердің тиімді орналасуын, олардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, сонымен қатар, цифрлық технологияны қолдану шараларын қамтиды. Жергілікті органдармен учаскелік пункттерді, оның ішінде тұрғын үй кешендерін салу мәселелері пысықталуда. Дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, ішкі істер органдарының модульдік посттары қалалардың криминалға аймақтарына орнатылған. Онда тәулік бойы қабылдап, қызмет көрсетуге қажетті жағдай жасалған. 2021 жылы 91 заманауи учаскелік пункт және 61 модульді полиция посты пайдалануға берілді. Қоғамдық орындарда және автомагистралдарда SOS түймешіктері қондырғысы орнатылды. Полицияларға

онлайн форматта бейнеқонараумен азаматтар өтінішіне үн қататын 102 мобильді қосымшасы жұмыс істеуде. Азаматтарға айыппұлды төлеуде қолдайлы болу үшін барлық күзет қызметкерлері электронды планшеттер және терминалдармен қамтамасыз етілген.

Келесі бағыт жұмыс үрдістерін оңтайландыру, құқықбұзушылықтың тиімді түрде алдын алу, әлеуетті қатерлердің дер кезінде алдын алу. Алдын алу жүйесіндегі басты буын полицияның учаскелік инспекторы. Негізінен тек қана осы қызметкерлер тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасайды. Жекелеген ауылдарда учаскелік полиция биліктің жалғыз өкілі. Онда ол заңдылықтың және ауыл тыныштығының жалғыз кепілдігі. Осы негізде полиция инспекторының жаңа образын қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалуда. Оның мәртебесі заң жүзінде көтерілді. Учаскелік полиция қызметкері ішкі істер органы атынан жеке және заңды тұлғаларға құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға ұсыныс жасауға және олардың орындалуын талап етуге құқылы. Оның әкімшілік жаза қолдану өкілеттігі 51 құрамға дейін кеңейтілді. Әміршіл-әкімшіл әдісті жою мақсатында олардың жұмысын жақсарту пысықталуда. Ережелерден – азаматтарды қабылдау, қора кітапшасы, инспекторлар, кәсіптік есепке алушы тіркеу, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, әкімшілік қадағалау секілді 10 жуық журнал алынып тасталды. Әкімшілік қадағалау паспорты оңтайландырылуда, сайт, қағаз тізімдер және есеп беретін тұлғалар туралы есептер жойылды.

Жақын арада жинақталуы негізсіз көп уақытты алатын қылмыстық емес материалдарды есептен шығару процесі цифрландырылатын болады. Соттарда әкімшілік істерді қарау процесін оңтайландыру мәселелері пысықталуда. Бұл қызметтің құрамдас бөлігі ретінде учаскелік инспектордың көмекшісі мәртебесі де заңнамалық тұрғыда бекітілген. Енді көмекші учаскелік полиция қызметкерінің көптеген өкілдіктеріне, соның ішінде, әкімшілік материалдар бойынша процессуалдық шешімдер қабылдауға ие.

Бюрократизация және міндеттерді оңтайлы бөлу учаскелік инспекторға өз учаскесінде көбірек болуға, материалдарға қол қою үшін аудандық бөлімдердің басшылығына баруға алаңдамауға және уақытын негізгі міндеттерге оның ішінде ең алдымен халықпен жұмыс істеуге арнауға мүмкіндік береді.

Әрине, кез келген жаңашылдық тұрғындар мен полицейлердің өзара қарым-қатынасының жаңа форматына дайындығын тексеруден басталу керек. Осы міндеттерді шешу үшін 2020 жылы елордалық полиция басқармаларының бірінде «полицияның қазақстандық сервистік моделі» пилоттық жобасы іске қосылды. Ол полиция жүйесін басқарудың жаңа тиімді нысандарын сынақтан өткізуге және енгізуге арналған.

Соңғы бағыт-бұл халықпен және құқық бұзушылықтың алдын алудың басқа субъектілерімен өзара іс-қимылының тиімді нысандарын құру. Бұл міндеттерді жергілікті қоғамдастықтың белсенді атсалысуымен ғана тиімді шешуге болады. Сондықтан мұнда барлық мемлекеттік органдардың күш-жігері мен мүмкіндіктерін шоғырландыру өте маңызды. Бұл үшін елімізде құқықтық және ұйымдастырушылық негіз бар. Кодекстер, салалық заңдар, соның ішінде «құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы», «азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» және тағы да басқа заңдар қабылданды. Тиісті мемлекеттік және қоғамдық органдар мен институттар жұмыс істейді. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссиялар құрылды, олар мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылын және үйлестіруді қамтамасыз етуге арналған.

А. ТУРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»



## ӘЛЕМ ТЫНЫШТЫҒЫН САҚТАУДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

**Алдағы жексенбіде әлем жұртшылығы 20-шы рет БҰҰ бітімгерлерінің халықаралық күнін атап өтеді. Биыл «Адамдар. Бейбітшілік. Прогресс. Серіктестік күші» деген тақырыппен өткелі отырған бұл мереке БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 2002 жылы бекітілген болатын. Соңғы жылдары ол түрлі тақырыппен атап өтіліп жүр. Мәселен, 2021 жылы – «Жастарды қолдау, бейбітшілік және қауіпсіздік», 2020 жылы – «Бітімгер әйелдер – әлемнің кілті», 2019 жылы – «Азаматтық тұрғындарды қорғау – әлемді қорғау» деген тақырыппен өтті.**

Тарихы 1948 жылдан бастау алған БҰҰ Бітімгерлік операциялары әлемдік қауымдастықтың ең ірі өкілдігінің бірі болып табылады. Оны жаһандық тұрақтылыққа салынған ұжымдық инвестиция деуге болады. Осы уақытқа дейін 129 елдің 1 млн астам бітімгерінің қатысуымен Африка, Америка, Еуразия құрлықтарында 70-тей операция өткізілді. Қақтығыс болып жатқан елдердің бейбіт өмірге оралуына көмектесуге бағытталған маңызды миссияны жүзеге асыру барысында 120 елдің 3 мыңнан астам бітімгері өз өмірін құрбан етті. Қазіргі таңда БҰҰ-ның Бітімгерлік қызметінің арнайы департаментінің басқаруымен Африка мен Еуразия құрлықтарында алты-алтыдан 12 операция жүріп жатыр. БҰҰ Бітімгерлік операциялары сайтындағы 31 наурыздағы мәлімет бойынша бітімгерлерінің саны жағынан Қазақстан 121 елдің ішінде 88-орында тұр. Жалпы саны 75 516 адамды құрайтын бұл бітімгерлердің 6710-ы Бангладештен, 5706-сы Непалдан, 5581-і Үндістаннан. Ал көршілес Қытай 2237 бітімгерімен – 10, Ресей 82 бітімгерімен – 60, Қырғызстан 8 бітімгерімен – 98, Әзірбайжан мен Тәжікстан екі-екі бітімгерімен – 109 орынға жайғасқан.

Еліміздің қарулы күштерінің қатарынан БҰҰ Бітімгерлік операциясына қатысушы бітімгерлер туралы мәлімет сұрап Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметіне хабарласқан едік. Олар 6 офицердің Батыс Сахарадағы миссиясында әскери бақылаушы, 3 офицердің Ливандағы миссияда штаб офицері, 6 әскери қызметшінің Үнді батальон құрамында әскери контингент ретінде қызмет атқарып жүргенін растайды.

«БҰҰ-ның миссияларында қызмет атқарып жатқан жеке құрамның негізгі тапсырмаларының бірі атысты тоқтату және азаматтық тұрғындарды қорғау болып табылады. Қазақстан әскерінің бітімгерлік қызметтегі алғашқы тәжірибесі өткен ғасырдың 90-шы жылдары басталды. Қазақстандық біріккен батальонның бірнеше ауысымы Тәжікстанда болып, ТМД-ның оңтүстік шекарасын қорғағаны белгілі. Бұдан кейін Қазбаттың арнайы бөлімшесі Ирактағы көпұлтты коалициялық күштер құрамындағы бітімгерлік миссиясына қатысты. Қазақстандық әскери қызметшілер БҰҰ-ның Непалдағы, Батыс Сахарадағы, Кот-д'Ивуардағы және ЕҚЫҰ-ның Грузиядағы миссияларында бақылаушы ретінде қызмет атқарды. Қазіргі уақытта біздің офицерлер Ливан мен Батыс Сахарада бітімгершілік миссияларына қатысып жүр. Бұл бағыттағы жұмыстардың маңыздылығын ескере отырып, Алматы облысының Тіленди-

тарының орындалуын бақылау бойынша органы (ОНВУП) пен БҰҰ-ның Үндістан мен Пакистандағы әскери бақылаушылар тобы (ГВНООНИП) – БҰҰ-ның бюджетінен қаржыландырылады.

БҰҰ бітімгерлік операцияларының 30 маусымда аяқталатын қаржылық жылының бюджеті 2020–2021 жылдардағы бюджеттен 2,1% аз болғанын ескерсек, бұл үрдіс алдағы 2022–2023 жылдардағы бюджетте өз жалғасын табуы әбден мүмкін болып отыр. Жалпы БҰҰ бітімгерлік операцияларының бюджетінің көлемі әлемдегі әскери шығындардың 0,5 пайызынан да аз. Мәселен, 2020 жылы әскери шығындар әлем бойынша 1 981 млрд долларды құраған болатын. Ауғанстандағы ахуалдың күрделенуі

және былтырғы Әзірбайжан мен Армения, Биылғы Ресей мен Украина арасындағы соғыстан Қазақстандағы әскери шығындары алдағы уақытта ұлғайтпаса азаймайтынына сенім мол. БҰҰ-ның бітімгерлік операциялары сайтындағы деректерге қарағанда бұл ұйымға 2020–2021 жылдары әлемдегі бейбітшілікті қорғау мақсатында ең көп жарна төлеген елдердің ондығына АҚШ (27,89%), Қытай (15,21%), Жапония (8,56%), Германия (6,09%), Ұлыбритания (5,79%) Франция (5,61%), Италия (3,3%), Ресей (3,04%), Канада (2,73%) және Корея Республикасы (2,26%) кірген еді.

**БҰҰ бітімгері болу үшін әскери қызметте болу шарт емес**

БҰҰ бітімгерлері сайтындағы мәліметке қарағанда, оларға басқарудың тұрақты институттарын құруға көмектесуден бастап, адам құқықтарының мониторингін, қауіпсіздік секторын реформалауға, қарусыздануға, демобилизациялауға және бұрынғы жауынгерлерді қайта біріктіруге дейінгі көптеген күрделі міндеттерді қабылдау ұсынылды. Әскерилер бітімгершілік операциялардың көпшілігін арқауы болып қалғанымен, қазір бітімгершілікке көптеген жаңа тұлғалар келуде. Соның ішінде: әкімшілер, экономистер, полиция қызметкерлері, заң сарапшылары, шахтерлер, сайлау бақылаушылары, адам құқықтары жөніндегі мониторинг, азаматтық істер және басқару мамандары, гуманитарлық қызметкерлер, байланыс және жұртшылықты ақпараттандыру саласындағы сарапшылар бар.

БҰҰ жеке армиясы немесе полиция күші жоқ болғандықтан мүше мемлекеттерге әрбір операция үшін қажетті қызметкерлердің үлесін қосу ұсынылады. Бітімгерлер өз елдерінің киім үлгісін киіп, БҰҰ-ның көгілдір дұмалықпен немесе беретпен және төсбелгімен ғана БҰҰ бітімгерлері ретінде анықталады. Ал азаматтық персонал – БҰҰ Хатшылығы қызметке қабылданатын және орналастыратын халықаралық мемлекеттік қызметшілер.

**Қазақстан әскер мен полицияның нормативтік құқықтық негіздерін ұсынған жоқ**

Зансыз іс-әрекеттер туралы істерді қараудың ашықтығы мен есептілігін арттыру үшін Бейбіт операциялар департаменті әрбір әскер мен полицияға үлес қосушы елден БҰҰ Өкілдігіне орналастыру кезінде оның контингентіне және офицеріне қолданылатын құқықтық базаны ұсынуды сұрайды. Бүгінгі күнге дейін БҰҰ бітімгерлігіне қатысушы 129 елдің 61-і әскери, 11-і полицияның құқықтық негіздерін ұсынған. Олардың екеуінде де Қазақстан жоқ. Мәселен, әскерилердің құқықтық негізін ұсынғандар арасында бұрынғы кеңестік республикалардан тек Латвия, Литва және Эстония ғана бар. Онда сондай-ақ, біздің көршілерімізден де әзірге ешкім жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

**Шетелдік офицерлер де бітімгерліктің оқу курсына Қазақстанда өтеді**

Қорғаныс министрлігі сайтындағы хабарламаға қарағанда, еліміздегі Бітімгершілік дайындық орталығында қазіргі таңда «БҰҰ штабтық офицерлері» халықаралық курсы аясында екі апталық офицерлерді оқыту курсы ұйымдастырылып жатыр. Оған отандастарымызбен қатар Ұлыбритания, Мозамбик және Пәкістаннан келген 15 әскери қызметші қатысуда. Оларға Халықаралық Қызыл Крест комитеті аймақтық өкілдігінің өкілдері, сондай-ақ, БҰҰ-ның Кипрдегі миссиясынан британдық сарапшы баяндамашы ретінде шақырылып отыр. Онда офицерлер бітімгерлік операцияларда көпұлтты штабтар құрамында жұмыс істеу негіздерін үйренеді.

Жалпы, «БҰҰ штабтық офицерлері» курсы ағылшын тілінде өткізіледі және бұл курс 2018 жылы халықаралық сертификаттаудан өткен. Тыңдаушылар сабақ барысында БҰҰ-ның құрылымы, ережелері мен рәсімдері, сондай-ақ бітімгершілік қызметті реттейтін құқықтық нормаларымен танысады. Бағдарламада жоспарлау және шешім қабылдау үдерістерін, БҰҰ миссияларындағы халықаралық штабтар бөлімдері мен қызметтерінің негізгі функцияларын зерделеу қарастырылады.

**Бюджет биыл да азая ма?**

БҰҰ бітімгерлік операцияларының 2021 жылдың 1 шілдесінен 2022 жылдың 30 маусымына дейінгі мақұлданған бюджеті 6,38 млрд долларды құрайды. Ол 12 операцияның 10-ына жұмсалады. Тек БҰҰ-ның бітім шарт-



**САРАП**

**Үш буынды модельге көшпес бұрын, атқарылып жатқан жұмыстың неден бастау алғанына тоқталған дұрыс. Соңғы жылдары қылмыстық процесс саласындағы ұлттық заңнаманың елеулі өзгеріске ұшырағаны белгілі.**

Кенес үкіметі ыдырағаннан кейін, сол заманнан бері қалып қойған қылмыстық процестің ескі жүйесі 2015 жылға дейін қолданыста болған еді. 2015 жылдан бастап қылмыстық процестің заңнама түбегейлі өзгерді. Оған дейін тергеу алды тексеру деген өз алдына бір институт болған. Яғни, қылмыс туралы арыз, шағым немесе хабарламалар түскеннен кейін, қылмыстық іс қозғалғанға дейін 2 ай бойы тергеу алды тексеру шаралары жүргізілетін. Осы 2 ай ішінде барлық мүдделі адамдар тергеу органына бірнеше рет шақырылатын, олардан куәлі алынады, сараптамалар мен аудиторлық немесе салық органдарымен тексеру жүргізіліп, шектеу қойылатын т.б. әрекеттер жасалатын.

Егер қылмыс белгілері байқалса, қылмыстық іс қозғалып, 2 ай бойы тергеу жүргізіліп, қайтадан жоғарыда атап өткен әрекеттер қайталап жасалатын. Нәтижесінде, адам бірнеше ай бойы әуре-сарсаңға түсіп, қылмыстық процесс орбитасына тартылып, жүйкесі тозып, оның конституциялық құқығының бұзылуына және сыбайлы жемқорлықтың орын алуына түрткі болатын. Жаңа Қылмыстық-процестік кодексте біз бұл кедергілердің барлығынан арылды. Кенес дәуірінен қалыптасқан тергеу алды тексеру институты жойылды.

Қабылданған кодекс қылмыстық процестегі азаматтардың құқығын қорғау бағытында елеулі әсерін тигізіп, жанаша серпін алғаны сөзсіз. Бұдан кейінгі жылдары қылмыстық процесті барынша онтайландыру, жеделдету және процеске қатысушылардың құқығын қорғау бағытында процестік заңнаманы жетілдіру мақсатында бірнеше рет өзгеріс енгізілген болатын.

Соңғы, концептуалды өзгеріс – осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы қылмыстық процесті жүргізудің жаңа моделін құру туралы тапсырма берген еді. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Бізге азаматтардың құқығын заманауи тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғары халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек. Қазақстанда өкілеттіктердің ара жігі нақты ажыратылған үш буынды модель құру керек деп санаймын», – деп атап өтті.

Бүгінде елімізде бұл модельді қалыптастыру жұмысы қарқынмен жүргізілуде. Аталған модель, бірінші кезекте, азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға және олардың қылмыстық процеске негізсіз тартылуын болдырмауға бағытталған. Мұндай тәртіп дамыған елдер тәжірибесіне негізделген. Бұл өзгерістің мәні неде?

Үш буынды модельдің бірінші буыны – тергеу органдары, екіншісі – прокуратура, ал үшіншісі – сот. Жаңа модель олардың өкілеттігін нақты ажыратып берді. Тергеу органы қылмысты ашады, дәлелдемелер жинайды. Прокуратура атқарылған жұмысқа баға береді, қылмыстық істі сотқа жолдау немесе қайта тергеуге жолдау мәселесін қарайды. Ал сот сол дәлелдемелерге баға бере отырып, үкім шығарады.

Үш буынды модельді енгізудің алғашқы кезеңі 2020 жылдың соңында күшіне енген болатын. Өзгеріске дейін тергеуші қылмыстық іс қозғап, барлық шешімдерді өзі қабылдайтын. Ал, прокурор, тек олардың заңдылығын тексеретін. Қазір қылмыстық процестегі негізгі шешімдер проку-

рордың келісімінен кейін ғана заңды күшіне енеді. Бұл шешімдер қатарында адамды күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, тергеп-тексеру мерзімін үзу және қылмыстық істі не қылмыстық қудалауды тоқтату бар. Яғни, жаңа модельге сәйкес, прокурор қылмыстық процестегі қадағалауды ең бастапқы сатысынан бастап жүргізуде. Аталған шешімдер қабылданардан бұрын прокурордың сүзгісінен өтіп, негізсіз деп танылғандары келісілмей, тергеушіге кері қайтарылады. Мысалы, адамды қылмыстық іс бойынша күдікті деп тану үшін тергеуші алдымен тиісті материалдар мен қаулы жобасын прокурорға ұсынады. Бұл уақытта адам әлі күдікті емес және қылмыстық процесс орбитасына тартылмаған болып есептеледі. Тек, прокурор қаулыға келісім бергеннен кейін ғана адам күдікті мәртебесін алады. Ал, прокурор дәлел жеткіліксіз деп санаса, күдікті ретінде тану туралы қаулыны бекітуден бас тартады.

Жаңа модель жағдайында атқарылған жұмыстың жетістіктері жақсы. Мысалы осы жылдың І-тоқсанында қылмыстық процестегі азаматтардың конституциялық құқығын бұзу дерегі 31%-ға төмендегені байқалады. Жалпы, өткен жылы прокурорлар 400 мыңнан астам шешімнің заңдылығын тексерді. Сөйтіп, 366 мыңын келісіп, бекітті. Қалған 53 мыңы бекітілмей, кері қайтарылды. Бұдан басқа, прокурорлар күдікті деп тануға келіспегеннен кейін, 47 адамға қатысты қылмыстық іс актау негізінде мүлдем тоқтатылды. Қарапайым тілмен айтқанда, орган бұл адамдарды күдікті деп танығысы келгенімен, прокурорлар шешімді мұқият қарап, олардың іске қатысы жоқ екенін анықтады. Яғни, біз прокуратураның ең басты міндетін орындап, осы азаматтардың конституциялық құқығының қорғалуын қамтамасыз еттік және оларды заңсыз қылмыстық қудалаудың, іске негізсіз тартылуын алдын алдық. Сондай-ақ, өткен жылдан бері прокурорлар 2 мыңға жуық істі өздері тоқтатты, өйткені бұл істер бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізу негізсіз болған. Осының бәрі прокурордың тергеу барысындағы қадағалаушы рөлінің артқандығын дәлелдейді.

Тағы бір айта кететін маңызды көрсеткіш – прокурор органның тоқтату шешімдерін бекітуден бас тартқаннан кейін, осы жылдың өзінде 90 қылмыстық іс сотқа жолданып, кінәлі адамдарға қатысты соттың айыптау үкімі шыққан. Яғни, осы арада біз нақты кінәлі адамдардың қылмыстық жауаптылыққа тартылуын қамтамасыз еттік, жазадан бұлтартпас қағидасын іске асырдық. Осылайша, істердегі барлық негізсіз шешімдер мен оқшылықтар дер кезінде анықталып, уақытты жойылды. Мұны біз прокурорлық сүзгі, яғни «фильтр» деп атаймыз. Мұндай «фильтр» үш буынды модельді енгізудің негізгі мақсатында қарастырылған.

Екінші кезеңде де прокурордың жауапкершілігі біршама артады. Өйткені, енді аса ауыр қылмыстық істер бойынша тергеу аяқталған кезде тергеуші іс бойынша, тек есеп әзірлейді. Ал, айыптау актісін прокурордың өзі жасайды. Бұған дейін,



**Серік ШАЛАБАЕВ,**  
Бас прокуратурадағы Қылмыстық қудалау қызметінің бастығы

айыптау актісін тергеуші өзі дайындап, дайын актіні іс материалдарымен бірге прокурорға ұсынады. Прокурор оларды бекітіп, нәтижесі бойынша істі сотқа жолдайтын немесе бұзушылықтар анықталған жағдайда тергеушіге қайтаратын. Енді прокурор қылмыстық іс материалдарын және тергеушінің есебін зерделеп, жиналған дәлелдерге баға бере отырып, айыптау актісін жасау немесе істі қайтару туралы шешім қабылдайды. Бұл жаңашылдық, қылмыстық істердің санаты бойынша кезең-кезеңімен енгізіледі. Биылдан бастап прокурорлар тек аса ауыр қылмыстар бойынша айыптау актісін жасайды, келесі жылдан бастап – сыбайлас жемқорлық істері бойынша, ал, 2024 жылдан бастап барлық санаттағы істер бойынша акті жасау құзыреті прокурорға өтеді. Бұл өкілеттер біздің қолға билік қана емес, жауапкершілік те жүктеді. Егер, сот кезінде істе оқшылық анықталса, жауапкершілік шешімдерді бекіткен, айыптау актісін жазған прокурордың мойнына артылады. Сондықтан, ең бірінші кезекте біз бұл өкілеттіктерді қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқығының бұзылуына жол бермеу үшін пайдаланатын боламыз.

Бұдан біз не түйеміз? Қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу оң өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тергеу сатысында прокурордың рөлі күшейді. Нәтижесінде, жаңашылдық енгізілгені соттар қылмыстық істерді қайта тергеуге сирек қайтара бастады. Яғни, прокурордың қатысуымен, бекітуімен іс тергеуінің сапасы артты. Сонымен қатар, әрбір қылмыстық іс тіркелген сәттен бастап прокурорлық қадағалаудың күшеюінің арқасында соттың да, прокурордың да

оларды қайта тергеуге кері қайтаруы азайды. Бұл уақыт үнемдейді, тергеу созбалаңға салынбайды және қылмыстық процеске тартылған адамдардың құқығын барынша қорғауды қамтамасыз етеді.

Қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес тергеу органына, прокуратура және сотқа қойылатын негізгі міндет – заң талабын қатаң сақтай отырып, қылмыс жасаған адамды тиісті жауапқа тарту, тергеп-тексеруді жылдам әрі толық жүргізу, жәбірленушілерге келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз ету.

Қылмыстық процестің үш буынды моделі осы жоғарыда айтылған қағидаттарды барынша сақтауға және іске асыруға мүмкіндік беруде. Бұл ретте, кез келген өзгеріс заман талабына бейімделе отырып енгізілетіні белгілі. Жаңа модельдегі цифрлық технологияның, электронды форматта тергеп-тексерудің орнын ерекше атап өту қажет. Цифрландыру – үш буынды модельдің ажырамас бөлігі деп атауымызға да болады.

Әр іс бойынша негізгі процестік шешімдер прокурормен келісіліп, бекітілетіні мәлім. Қазір бұл үрдіс толығымен электронды форматта жасалады. Яғни, тергеушінің қаулыны қағазға басып шығарып, оны прокурорға келісуге әкелудің қажеті жоқ. Бұл жұмыстың барлығы арнайы ақпараттық жүйеде жүргізіледі. Іс қағаз жүзінде ме, әлде электрондық форматта тергеліп жатыр ма – маңызды емес. Бастысы – шешімдерді прокурормен келісу процедурасы толықтай онлайнға көшірілді. Бұл форматтың не пайдасы бар? Жасыратыны жоқ, бұрын тәжірибеде процестік құжаттарды өзгерту, бұрмалау, дәлелдемелерді алмастыру, оларды қасақана жою, істі әдейі жоғалтып алу сияқты фактілер кездесетін. Электронды құжатқа ешкім өзгеріс енгізе алмайды, оған мүмкіндік жоқ. Барлық іс, шешім, құжат базаға енгізілгеннен кейін сол қалпы сақталады. Оған ешкім кіріп, бір әріпті өзгерте алмайды. Осы маңызды.

Электронды іс жүргізудің артықшылығы аз емес. 2018 жылы республика аумағында небәрі 20 мыңнан астам істі электронды түрде тіркелген болатын. Бұл барлық тіркелген істердің 5% ғана құраған. Ал былтыр, яғни, 2021 жылдың қорытындысы бойынша барлық қылмыстық істің 80%-ын, яғни, 174 мыңнан астам істі электронды форматта тергедік. Енді салыстырып көрейік: 80% – былтыр, ал, осыдан үш жыл бұрын – 5%. Сондай-ақ, биыл алғашқы 3 айда бұл көрсеткіш 90%-ға жетті.

Жалғыз артықшылық бұл емес. Бүгінде прокурорлар қылмыстық істерді қашықтан тексере алады. Яғни, ол кабинетінен шықпай-ақ, компьютерінің алдында отырып, тергеу әрекетінің қаншалықты сапалы жүргізіліп жатқанын тексеріп, талдау жүргізе алады. Бұл үшін тергеу органдарынан істің өзін сұратып, бума-бума құжаттардың арасында отырып, жұмыс істеудің қажеті жоқ. Органдарға тексеріспен барудың да қажеті шамалы.

Бас прокуратурада отырып, біз шалғайдағы Маңғыстау өңіріндегі бір ауданның өндірісінде қанша, қандай істер өндірісте бар екенін, олардың сапасы, қалай тергеліп жатқанын зерделеп, бағасын бере аламыз.

**ПАЙЫМ**

**Сот саласын ілгерілету, халықаралық талаптарға сәйкестендіру бағытында атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Мұның бір тетігі судьялар мәртебесін көтеріп, тәуелсіздігін арттырумен тікелей байланысты. Себебі, судья – сот саласындағы негізгі тұлға. Сондықтан қазақстандық қазылардың кедергісіз қызмет етуіне қаншалықты қолдау көрсетілсе, тиісінше олардың біліміне, білігіне, әдебіне, кісілік келбетіне деген талап та жыл сайын өсіп келеді.**

Бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан сот жүйесін дамытуға, судьялар жұмысын жүйелеуге тұрақты қолдау көрсетілді. Мемлекет басшының әрбір жолдауында үшінші биліктің ертеңіне, нәтижелі жұмысына бағдар берер тапсырмалар қамтылып отырды. Бұған қоса, 1996 жылдан бері өткізіліп келе жатқан республика судьяларының съездері де саланың түрленуіне серпін берді. Әр төрт жыл сайын елорда төрінде өтетін съезд судьялар қауымы үшін орны бөлек, маңызы зор. Президент жолдаулары мен съезд мінберінен айтылған ұсыныс-пікірлердің арқасында ел өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Оның біріншісі сот төрелігінің мінсіздігін қамтамасыз ету мақсатында отандық заңнамалардың сапасын көтерумен өзектес. Қазіргі кезде елімізде азаматтық, құқықтық қарым-қатынастар заң

шеңберінде реттеледі. Тәжірибеде кездесетін олқы тұстар өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бір арнаға түскен.

Қоғамдағы судьяның рөлін айшықтап, беделін өсірудегі келесі қадам – біліктілікті көтеріп, тәжірибесін шыншаумен байланысты. Кәсіби шеберлік бір күнде қалыптаспайды. Оған жылдар кетеді. Сонымен бірге, шеберлік ізденісті, еңбекті талап етеді. Өйткені, сот корпусын сапалы кадрлармен қамтамасыз ету үшін судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың жыл өткен сайын күшейтілгені бәрімізге белгілі. Яғни, қазіргі іріктелген кадрлар үлкен сұрыптаудан, қатал сүзгіден өткендер. Бірақ, әділдіктің айнасы атану үшін судьяға үнемі білімін жетілдіріп, тәжірибесін шыншау керек. Бұл мәселеге Жоғарғы Сот та шетін қара-

# СУДЬЯ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ



**Самат ЖЕЛДЕРБАЕВ,**  
Қармақшы аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы

майды. Соған орай судьяларды ұдайы оқыту, біліктілік деңгейін арттыру арқылы білімін тереңдетуге басымдық беріледі. Жас судьяларға білікті судьялардан тәлімгер тағайындау осы қамқорлықтың бастамасы іспеттес. Тәлімгерлер жастарға жол көрсетіп, заңдарды бірізді қолдануына, сот отырысында өзін дұрыс ұстауына, тараптармен теңгерімді сөйлесуіне бағыт-бағдар береді. Тәлімгерлік мектебінің қалыптасуы аға буын мен жас буын арасындағы байланысты нығайтуымен құнды. Сондай-ақ, мұндай мектеп қателіктердің алдын алып, істерді сапалы қарауға түрткі болады.

Судьяларға көрсетілетін қолдау туралы айтқанда сот жүктелмесіне қатысты мәселені айтпай кету мүмкін емес. Расында соңғы жылдары сот өндірісіне түсетін іс материалдары еселеп артты. Соның әсерінен судьялардың жүктелмесі де көбейген болатын. Ал бұл өз кезегінде істердің өз мерзімінде

қаралмауына, созбалаңға салынуына, азаматтардың өкпе-ренішіне алып келді. Медиация институтының енгізілуі – судья жектемесін шешуге жасалған алғашқы талпыныс. Тәжірибеге медиаторлардың, Билер кеңесінің енгізілуі, адвокаттардың партициптивтік келісім жасау арқылы дауды сотқа дейін, сотта шешуге көмектесуі сот жүктелмесін айтарлықтай азайтты. Сонымен бірге, даусыз істердің құзырлы орындар қаруына берілуі де сотқа түсетін істердің көлемін кеміткені анық. Мұндай өзгеріс ең алдымен судьялардың өз бетінше іздәнуіне жол ашты. Уақытын үнемдеген судьялардың назарын неғұрлым күрделі істерге аударуына ықпалын тигізді. Бұл да сот әділдігіне кепілдік берер тетіктің бірі.

Бүгінде судьялардың еш кедергісіз қызмет етуіне толық жағдай жасалған. Ендігі жерде әр судьядан сот жүйесінің абыройын көтеру, сот процестерінің ашықтығына қол жеткізу, судья әрекетіне арыз-шағымдарды болдырмау талап етілуде. Кез келген судья соттың бейтараптығы мен адалдығына күмән келтірмейтіндей, судьяның мәртебелі атағына және сот билігіне дақ түсірмейтіндей әрекет жасауы тиіс.



СУХБАТ



Марат САҒЫМБЕК, Алматы облысы Панфилов ауданының әкімі:

Президент өкілеттігін едәуір азайтып, өңірлердің еркін дамуына, өз бастамаларымен тандалған басшымен аймақты гүлдендіруге атсалысуына мүмкіндік ашты. Сондықтан өңір халқы өзінің тұрмыс салты мен алдағы өзгерістерді өте жылы қабылдайды деп ойлаймын. Аймақтағы бүкіл жағдай халыққа етене таныс. Ел азаматтарының ұйымшыл, ауызбірлікті жүріп атқарған әрбір шаруасының нәтижелі болатыны анық.

**– Аудандағы референдумға дайындық барысы қалай жүзеге асып жатыр? Аудан халқы Конституциялық өзгерістерге өз дауысын беруге ниетті ме?**

– Панфилов ауданында референдумды өткізуге дайындық барысы өз ретімен жүріп жатыр. Қарапайым тұрғындар тарапынан «Референдумда не болады?», «Конституция түгелімен өзгере ме?», «Қандай баптар қосылады, қай бөлігі алынып тасталады?», «Халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмір сапасын көтеруге арналған өзгерістер бар ма?» деген секілді әртүрлі сауалдар көп қойылып жатыр. Аудандағы заңгерлер, өзге де қоғам мүшелері, әкімдік өкілдері көпшілікке референдумға қатысты танымдық түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Таңдау халықтың өзінде ең бастысы. Бұл қарапайым халықтың құқықтық сауатын көтеруге арналған ауқымды іс-шара болды деуге негіз бар секілді. Себебі, бұған дейін Конституцияны оқымаған,

24 МАУСЫМ – СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады. Олардың жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жай ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары, істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, әрі қызықты да. Сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне

асқан жауапкершілікпен қарайды.

Сәуле Байтоғаеваның жұмыс күні сот отырысына құжаттар дайындаудан басталады.

– Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгін бұл жұмыста ілгерілеу бар. Қазір сот отырысының барысы дыбыс-бейнежазба арқылы дайындалады, – дейді ол.

Сәуле Мұхатайқызы заңгер, Сәтбаев қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы қызметін атқарады. Жалпы еңбек өтілі 38 жыл. Ұзақ жылдарға қатысты кейіпкеріміздің қызықты естеліктері де көп.

– Мен Ұлытау ауылында дүниеге келдім, сол жерде он жылдықты бітірдім. Мектептен кейін бірден «Ақбұлақ» жастар комсомол бригадасына жұмысқа орналастым. Бірақ әрқашан заң саласында жұмыс істеуді армандадым. Бұл қызығушылық маған атам Құттымбет Байтоғаевтан жұққан болар. Ол кісі милиция бастығы қызметін атқарыпты, өз ортасына ерекше сыйлы азамат болған екен. Алдымен Ақмолада жұмыс істеді, кейін Ұлытауға жіберіліп, абырой биігінен көрініпті. Атамның көзін көрмесем де, мен оны мақтан тұтамын. Үнемі өзіме үлгі қылдым. 1984 жылы балалық арманым орындалып, комсомол бригадасынан Ұлытау аудандық сотына хатшылыққа ауыстым. 2001 жылы Сәтбаев қаласына қоныс аударғандықтан сонда қалалық сотқа ауыстым.

Хаттама жасаудың да машақаты көп

Сот отырысының хаттамасын жүргізіп, сот аяқталғаннан кейін құжатты бекіту қажет. Сот отырысы хаттамасының мазмұны мүмкіндігінше толық және сенімді болуы керек. Алғашқы кездері қолмен жазғанды қайта түзетіп, толықтыру қиын болатын. Қазір жұмыс сандық жүйеге ауысты. Сондай-ақ, процеске қатысушыларды хабардар етіп, сот талқылауы басталар алдында барлық адамдардың келуін тексереміз. Сот отырысын тағайындау туралы қаулылар дайындап, хат-хабарлармен, жаңа сот істерімен таныстырып, судьяның сот отырыстарының кестесін жасаймыз. Судья істі қарағаннан кейін оны іс жүргізу бөліміне тапсыру үшін рәсімдеп, кенеске өткіземіз. Жұргізілетін қабылдап, телефон қоңырауларына жауап береміз. Сырттан қарағанда оңай және қарапайым болып көрінгенімен жұмыс өте көп.

Ісіне қарай сот отырыстары да әртүрлі болады. Кейбірі өте тез өтеді. Кейбірі ұзақ дауға ұласуы мүмкін. Ондайда судья наразы топты залдан шығаруға немесе айыппұл салуға құқылы. Сондықтан барлығы тәртіп сақтауға тырысады. Сот отырыстарында тыныштық пен бейтараптықты сақтау маңызды. Күзгерлердің көп болуы немесе біреудің сотқа келмеуі салдарынан кейде уақыт өзгеріп жатады. Сот әділдік айнаса. Онда келген әрбір азамат өзінің құқығының әділетті қорғалатынына сенуі тиіс. Қазір сот отырыстары онлайн режимде өтуде. Сондықтан хатшыға көп мәселе байланысты болады. Сот хатшысына жүктелетін жауапкершілік те үлкен. Сот табалдырығын аттаған адаммен ең алғаш бетпе-бет келіп, оны қарсы алатын да осы хатшы. Сондықтан оған қойылатын талап та биік. Жинақылық пен жауапкершілік, сыпайылық, әдеп алдыңғы орында. Онсызда жаны жаралы адамға қерегі де осы – жауапты маманның сауатты жауабы, ізет, әдебі, заңдық реті мен соттың шартын этикаға сай түсіндіруі.

Білімді хатшы – білікті заңгер

– Сот отырысының хатшысына жауапкершіліктен өзге біліктіліктен білім де қажет. ҚР заңдарын білу, хаттаманы заң талаптарына сай толтыру маман тәжірибесін арттырады, білімін тереңдетеді. Сол себепті сот отырысының хатшысы үнемі өзін-өзі дамытып, оқу білімге ұмтылуы парыз. Сауатты маманның әдебіне білімі сай болса қашан да қызметінде құрметке бөленеді. Сәуле Мұхатайқызы әріптестерінің арасында үлкен беделге ие. «Ол кісі өзіндегі бар жақсы қасиеттерді жас мамандарға дарытуға тырысады. Мен сот саласына 2018 жылы келдім. Бұл кісіден үйренгенім де үйренерім де көп. Ол кісі өз ісінің шебері ғана емес нағыз жанаушы, ақкөңіл абзал жан. Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді жетік меңгерген. Білгенін жастарға үйретуден жалықпайтын адам», – дейді Сәтбаев қалалық соты кеңесшінің жетекші маманы Айжан Әукенова.

Өнегелі адам отбасында көпке үлгі. «Ұлым полиция басқармасында жұмыс істейді, қызым заңгер-бағалаушы мамандығын алды. Қазіргі кезде есепші болып жұмыс істейді. Алдағы уақытта алты немеренің бірі сот саласына барады деген үмітім бар. Бұл мамандық өте мәртебелі мамандық. Сондықтан біздің отбасымызда бұл саланы таңдайтын ұрпақ міндетті түрде шығатынына сенемін» – дейді ол кісі.

«Терең білім, тоқтаусыз ізденіс»

– Жастар заңгерлікке ұмтылса, біріншіден, терең білім алу қажет. Екіншіден, қиын және жауапты жұмысқа дайын болуға тиіс. Үшіншіден, бойындағы қорқынышты жеңе білуі шарт. Егер білім, білік және дағды жағынан мықты болса, қорқыныш кетеді. Төртіншіден, бір орында тұрып қалмай судья, заңгер болуға ұмтылғаны абзал. Мұндай маманнан кәсіби шебер шығары анық. Сот отырысының хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын екендігіне талас жоқ. Бұл мамандықты таңдаған жастардың ұтылмасы хақ.

«ЕЛ БАСҚАРУ ІСІНДЕ ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕН БИІК МҮДДЕ ЖОҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол Президенттің өкілеттілігін шектеу қажеттігін, елде пропорционалды және мажоритарлы жүйе енгізу кезек күттірмейтін мәселе екенін, Қазақстандағы Парламент рөлін күшейту, халықтың азаматтық белсенділігін арттырып, елді басқару ісінде таңдау және араласу құқығын беру секілді бірқатар мәселелердің жедел қолға алынуы керектігін айқындап берді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің наурыз айындағы халыққа арнаған жолдауында осы жағдайларды таратып айтты да. Міне, бүгінгі өзгерістер аяқасты пайда болған жоқ, ол жыл басынан бері өз ретімен келе жатқан саяси ағыс болатын. Сол себепті, бұл мәселеден қарапайым халық хабардар деп есептеймін.

Сұрағыңыздың бірінші бөлігіне де жауап бере кетейін. Алдағы болатын Конституциялық реформа ең алдымен суперпрезиденттік басқару үлгісінен Президенттік республикаға көшу процесін жүзеге асыратынымен маңызды. Тағы бір ерекше өзгеріс халықты басқару ісіне қарапайым кез келген азаматтың қатысу мүмкіндігінің кеңейгені. Енді жеке бас мүддесі емес, ел басқару ісінде қоғам мүддесі алға шығады. Елдік мәселеде халық мүддесінен биік мүдде жоқ.

**– Осы тұсын таратып түсіндіре кетсеңіз.**

– Жер – халықтың жаны. Шындығында, солай. Кез келген азамат жер үшін басын бәйгеге тігуге даяр. Оны осы кезге дейінгі барлық жер дауы, жер митингілерінен көріп жүрміз. Жаңа өзгерістерде жер мәселесінің енуі де осыдан. Бұған дейін ҚР Конституциясының 6-бабы 3-тармағында: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады» – делінген. Яғни, халықтың жерге қатысты құқықтық статусының артқанды құптарлық іс. Ендігі тақырыптың билік жерді сату, жалға беруге қатысты жағдайда ең алдымен халық үніне құлақ асып, елдік пікірді ескеретін болады.

Ата Заңның 50-бабының 3-тармағы мен 51-баптың 1-тармағының жаңа нұсқасы бойынша Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен іріктеу: яғни, біртұтас жалпыұлттық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады. Бұған қоса, 52-бап 5-тармақ бойынша енді бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс

депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады.

Халық білуі тиіс тағы бір өзгеріс, енді республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін, облыстардың әкімдерін Президент сол аймақтың (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайды. Конституциядағы 87-бап 4-бөлігінің жаңа нұсқасы бойынша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілдік пен атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жұмыстарына қатысты берілетін кепілдіктер нығая түседі. Халықты басқару ісіндегі қарапайым азаматтардың үлесінің арта түсуі

жекелеген баптарын білмейтін азаматтар болса референдумға барар алдында осы тұрғыда іздену мүмкіндігі туды.

Жалпы, Панфилов ауданы бойынша 74 референдум учаскесі бар. Оның ішінде Жаркент қаласында – 18, ауылдық округтерде – 47, әскери бөлімдерде – 8, орталық ауруханада – 1.

74 референдум учаскесінің: 52-сі мектептерде (4 мектепте: Розыбақиев, Б.Назым, №6, Б.Момышұлы 2 учаскеден бар); 1-уі спорт мектебінде (Алтыұй ауылы); 1-уі өнер мектебінде 2-уі колледждерде; 6-уі мәдениет үйінде (Еңбекші, Ұшарал, Көктал - 2 сайлау учаскесі, Қонырөлең, аудандық мәдениет үйі); 3-уі әртүрлі мекемелерде (Су құбыры, орман шаруашылығы, жұмыспен

**ҚАЗІРГІ ЕНГІЗІЛГЕЛІ ОТЫРҒАН ЖАҢА НҰСҚАДА: «ЖЕР ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫ, СУ, ӨСІМДІКТЕР МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ, БАСҚА ДА ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ ЕКЕНІ ЖАЙЫНДАҒЫ НОРМА НАҚТЫ ЖӘНЕ КЕСІМДІ ТҮРДЕ БЕКІТІЛГЕН. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ХАЛЫҚТЫҢ АТЫНАН МЕМЛЕКЕТ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ» – ДЕЛІНГЕН. ЯҒНИ, ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫНЫҢ АРТҚАНЫ ҚҰПТАРЛЫҚ ІС. ЕНДІГІ УАҚЫТТА БИЛІК ЖЕРДІ САТУ, ЖАЛҒА БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙДА ЕҢ АЛДЫМЕН ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, ЕЛДІК ПІКІРДІ ЕСКЕРЕТІН БОЛАДЫ.**

мәселесіне қатысты осындай игілікті, оңды өзгерістер орын алады.

**– Жаңа жобада Мемлекет басшысының аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату секілді құзыреттері алынып тасталатыны да айтылуда. Бұл өзгерісті қалай қабылдап жатырсыздар?**

– Конституцияның 87-бабы 4-тармағы бойынша бұған дейінгі нұсқасында: «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ, қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы» – делініп келген. Енді жаңа нұсқада Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көрсетілген.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы бойынша «енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды». Жаңа нұсқадағы тәртіп негізінде Мемлекет басшысы енді «кемінде екі кандидатураны ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына ие болған кандидат келісім алған болып есептеледі». Міне, мұндай баптар

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі); 1-уі ауруханада; 8-і әскери бөлімдерде орналасқан.

Мен аудан халқының өз тағдырына тікелей әсері бар саяси науқаннан қалыс қалмайтынына сенемін. Конституцияның 33-бабына 56 өзгеріс енгізу тәуелсіз ел тарихындағы елеулі кезең. Бұған дейін халық депутаттардың санының көп, сапасының нашарлығына көп шағым айтатын. Жаңа өзгерістер бұл оқылықтардың да орнын толтырмақ.

Жаңадан енгізілгені отырған Конституциялық Соттың құрылуы, оның жаңа тәртіппен жасақталуы азаматтық қоғам институттарының алғышарттары деуге болады.

Парламенттің рөлін күшейтеу, Президенттік билікті азайту халықтың ау бастан айттып жүрген арыз-арманы еді. Конституциялық өзгерістердің нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағының өзгергені, Парламенттің рөлін күшейтеу, мәртебесінің артқанды көпшілік көңіліне үміт ұялатады. Өзгеріс пен оның нәтижесінің бәрі – уақыт еншісінде. Бұл жерде халықтың саяси белсенділігі маңызды. «Халық қаласа хан тұйесін сояды» деген бекер айтылмаған нақыл. Халық саяси сауаттанған сайын оның талап-тілегі де жүзеге асып, тұрмыс тіршілігі көтеріледі. Ендеше, қарапайым азаматтар Конституциялық өзгерістерге қатысты өз мүмкіндігін жіберіп алмауға тиіс.

**– Өңгімеңізге рақмет. Ісіңіз жемісті болсын!**

Сұхбаттасқан Ш.РАҚЫМҚЫЗЫ

Нұрия ГЛИЯСОВА



СОТ ІС ҚАРАДЫ

ПКІР

## ҰРЛЫҚ ЖАСАҒАҢДАРҒА КЕШІРІМ ЖОҚ

**Мал ұрлығының жазасы қатаң. Заңдағы өзгерістерді таныстыру, түсіндіру бойынша іс-шаралар тұрақты жүргізілгенімен, одан сабақ алып жатқандар аз.**

Мысалы, бірінші саты сотының үкімімен сотталушылар А. мен Е. ҚР ҚК-ның 188-1-бабының 2-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге, ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі арқылы 188-1-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған. ҚК-ның 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес онша қатаң емес жаза неғұрлым қатаң жазаға сңіріліп, түпкілікті 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған. Үкімге келтірілген апелляциялық шағымды қараған қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы келесіні анықтады.

Сотталушылар оңай жолмен ақша табу мақсатында иесіз жүрген малды аңдиды. Алдымен олар Шиелі ауданына қарасты жайылымда жайылып жүрген бір ірі қараны нысанаға алады. Сосын малды мылтықпен атып, екеулеп сойып, етін автокөлікке тиіп, оқиға болған жерден бой тасалап кетеді. Дәніккен сотталушылар бұдан кейін иесіз жайылып жүрген екі ірі қараны қос ауызды мылтықпен атып

алып, алдын ала жоспар бойынша малды сойып, терісін сыдырып, етін бөлшектеп жатқан кезінде полиция қызметкерлерінің қолына түседі. Сот талқылауында сотталушылар кінәсін толық мойындап, жеңілдеу жаза сұрады.

Сот алқасы іс құжаттарын қарап, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы тарапынан сотталушылардың қылмыстық іс-әрекеті ҚК-нің 188-1-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен және 24-бабы 3-бөлігі арқылы 188-1-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен дұрыс сараланған деп түйіндеді. Себебі, ұрлық адамдар тобы болып, алдын ала сөз байласып, бірнеше рет біреудің малын жасырын жымқыру жолымен жасалған деген бірінші саты сотының үкімі дұрыс уәжделген. Осыған орай аудандық соттың үкімі күшінде қалды.

**Бақытжан ҚАЛЫМБЕТ,**  
**Қызылорда облыстық соты**  
**қылмыстық істер жөніндегі**  
**алқа төрағасының міндетін**  
**атқарушы**

БІЛГЕН ЖӨН

## МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯННЫҢ ҚҰНЫ АҚШАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ

**Еліміз тәуелсіздік алып, шаңырағын тіктегелі азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың барлық тетігі жасалып, әлемдік стандарттарға сай келетін сот жүйесі қалыптасты. Әрине, қоғам болған соң дау-жанжалдың орын алуы қалыпты құбылыс. Мәселен, бүгінде тәжірибе көрсеткендей, сотқа моральдық зиянды өндіру үшін жүгінетіндердің қатары көп.**



Моральдық зиян дегеніміз азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарының заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің, олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан немесе тән азабы болып табылады. Ал, жан азабы бұл адамның түрлі басынан кешкен қорлауына, ызалануына, қысым жасалуына, ашулануына, ұялуына, түңілуіне, залал шегуіне, қолайсыз жағдайда қалуына және т.б. қатысты сезімі болса, тән азабы күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты азаматтың сезінетін тәнінің ауырғаны.

Мүліктік емес өзіндік құқықтары бұзылған кез келген жеке тұлғаның моральдық зардаптарын өтетуге құқығы бар. Мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша сот жүзеге асырады. Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізілетінін атап өткен жөн. Сотқа жүгінген әрбір талап қоюшы талап қояуда оның өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуының мән-жайларын көрсете отырып, нақты дәлелдемелерін келтіріп, моральдық зиянды өтеуді қамтамасыз ететін өтемақы сомасын көрсетуге міндетті.

Азаматтық кодекстің 9, 141-баптары мен басқа да заңдарға сәйкес, сот өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғауды моральдық зиянды өтеу арқылы жүргізеді. Кодекстің 187-бабының 1-тармақшасына сәйкес, моральдық зиянды өтеу тура-

лы талаптарға заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқа кездерде талап қою мерзімі қолданылмайды.

Моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Ал, осы моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығы, дәрежесі, өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың өмірлік маңызы, зиян келтірушінің кінәсін түрі назарға алынады. Өз кезегінде сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілер шығаруының, заңсыз соттаудың, заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартудың және өзге де жағдайлардың нәтижесінде азаматқа келтірілген моральдық зиян мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты) есебінен зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

Ата Заңымызда мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы екендігі көрсетілген. Осы орайда, адамның құқығы ең биік құндылық екенін ескере отырып, оны әркез лайықты қорғау – басты міндет болмақ.

**Марал СЕЙТОВА,**  
**Ақтау қаласы №2 сотының**  
**судьясы**

**Мал шаруашылығынан ризығын тауып келе жатқан халық соңғы уақытта жайылымдағы малын ойлап, мазасыз күй кешуде. Ұрлықтың алдын алу үшін ауқымды іс-шаралар қолданылып жатыр. Бірақ ұрлық тоқтар емес. Мал ұрлығының орын алуына түрткі болатын себептер:**

## ТАҢБАСЫ ЖОҚ МАЛДЫ ТАБУ ДА, ТАҢУ ДА ОҢАЙ ЕМЕС

Біріншіден, азаматтардың малын қараусыз жайылымға жіберуі, қадағалауға немқұрайдылық танытуы. Бақташылармен келісімшартқа отырғау малдың ұрлануына әкеліп соғуда.

Екіншіден, малды қоршауы мықты қорда ұстамау. Бұл өз кезегінде ұрыларға қолайлы мүмкіндік жасаумен бірдей.

Үшіншіден, мал иелерінің өз уақытында сырға мен таңба салмауымен байланысты. Таңбасы жоқ малды табу да, таңу да қиына соғады. Кей халық сатып алынған малды тіркемейді, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестен-

діру жөніндегі деректер базасына енгізбейтіндер де бар. Азаматтар өз малын жайылымға иесіз жібермей, бақташыға тапсырғаны жөн. Мал соятын цехтарға бейнебақылау құрылғысын орнатып, алып келген малды тіркеп, құжатсызын қабылдамай, дереу полиция қызметкерлеріне хабарласа, мүмкін ұрлық саны азаяр ма еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мал ұрлаушыларға жазаны күшейтуді тапсырған болатын. Мал – еліміздің азық-түлігі, берекесі, байлығы. Енді Қылмыстық кодексті бойынша мал ұрлығы ауыр қылмыс

нымен қатар, мал ұрлығы болмас үшін заманауи технологияларды, чип, дрон, GPS-ті қолдануды үйренген дұрыс. Заманауи технологиялар арқылы малды бағу да, қарау да оңай болмақ. Біреудің малын ұрлап береке көрмейсін. Адам баласын ұрлықтан аулақ болуға тәрбиелеуді мектеп пен отбасынан бастаған абзал. Себебі, бала кезден алған тәрбие мен білім жамандықтан сақтайды.

**Б.ТОҚБАЕВ,**  
**Жаңаөзен қалалық сотының**  
**төрағасы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

КӨКЕЙКЕСТІ

**Бүгінгі күні кең таралған қылмыстың бірі – алаяқтық. Қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-бөлігінде алаяқтықтың түсінігі берілген. Алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін иемдену. Қарапайым сөзбен айтқанда алаяқтық – алдау және сенімге қиянат жасау жолымен бөтен мүлікті ұрлау болап табылады. Аталған бап 4 бөліктен тұрады, соған байланысты алаяқтық үшін жаза түрлері де күшейтілген.**

Бүгінгі таңда ең кең таралғаны – интернет арқылы жасалатын алаяқтық. Ғаламтордағы әккілер, әсіресе, әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр. Алаяқтардың арбауына түсіп қалған адамдар аз емес және одан ешкім сақтандырылмаған.

Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған хабарландыру береді немесе аккаунтпен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Соның ішінде интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар жиі кездеседі. Интернеттің мүмкіндігін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілі күн сайын өзгеріп, жанаруда.

Компьютер, смартфон, планшеті бар адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айнала алатынын ескерту керек. Алданып қалған адамдар арызын тексерген уақытта тергеу органдарына қылмыскерлерді анықтау қиынға соғып жатады, өйткені, олар тек біздің елде емес, өзге елде тұрып-ақ қылмыскі ойын іске асыруда.

Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық аясы. Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желілері арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалып жатады. Мында жарнама бергендердің қайсысы ақ, қайсысы арам екенін ажырату өте қиын. Киім, автобөлшек, күнделікті тұрмыстық заттарды сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн сауданың қыр-сырын да мықты менгеріп алған.

ҚҰҚЫҚ

## СОТ АКТИЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ӨЗЕКТІ

**Соттар жұмысының түпкі нәтижесі атқарушылық іс жүргізудің сапасымен тікелей байланысты. Себебі, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары шын мәнінде сот актілері орындалғанда ғана қорғалады.**

Бұл мәселеде сот бақылауын мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықтың кепілі деуге толық негіз бар. Мысалы, әкімшілік іс жүргізуде сот әкімшілік органдардың мемлекеттік және өзге де қоғамдық өкілеттіктерді жүзеге асыруында азаматтар мен ұйымдар құқықтарының, сондай-ақ, заңды мүдделерінің сақталуын бақылап, сот шешімдерінің орындалуын қадағалайды.

Бүгінде сот орындаушыларының іс-әрекеттеріне дау келтіру туралы талап қоюлар аз емес. Бұлардың көбісі атқарушы құжаттардың негізсіз орындалмауына, осы ретте сот орындаушыларының іс бойынша тиісті шараларды қабылдауына қатысты болып отыр.

Заң талабына сай, жекелеген санаттарда дау айту туралы әкімшілік іс сот отырысында талқылау тағайындалған күнді қоса есептегенде он күн ішінде қаралып, шешіледі. Қажет болса сот процеске қатысушының уәжді өтініш-хаты бойынша құқықтық ұстанымын негіздеуге қосымша уақыт береді. Егер ауыртыпталы түсіретін әкімшілік актінің заңсыздығы ол орындалып қойған немесе орындалып жатқан кезде анықталса, сот жауапкерді орындаудың күшін жоюға мәжбүрлеу және талап

қоюшыны бастапқы жағдайына қайтару бойынша әрекеттер жасауға талап етуге құқылы.

Аталған кодекс бойынша жекелеген санаттағы істерге уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындыларына негізделген шешімдеріне, т.б. нұсқамаларына, сот орындаушыларының әрекеті немесе әрекетсіздігіне дау айту жатады. Сот орындаушының атқарушылық құжаттарды орындау барысындағы іс-әрекетіне талап әрекет жасалған немесе одан бас тартылған, сондай-ақ, оны жасау уақыты мен орны жайлы хабарланбаған кезде қойылады. Талап қоюды өндіріп алушы мен борышкер бұл туралы өздеріне белгілі болған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде бере алады.

Атқару құжаттарын орындауда сот орындаушыларына шағымдану туралы әкімшілік істерді қарау – оның қаралу мерзімімен, дәлелдеу және іске қатысушыларымен ерекшеленеді. Сот актілерінің орындалуы азаматтар құқықтарын қалпына келтірудің ең маңызды кезеңі десек, сот орындаушылары бұл мәселеде заңнамада көзделген барлық шараны қолдануы тиіс. Сонда ғана жұмыстың нәтижесіне қол жеткізе аламыз.

Соттың заңды күшіне енген сот актілерін, сұрау салулары мен жолданымдарын, өкімдерін, т.б. тапсырмаларын кімге болса да орындау міндет. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

Судьялардың сот төрелігін атқару кезіндегі талаптарын белгіленген мерзімде орындамау салдары істің қаралу уақытының созылуына әкеп соқса, ӘРПК-нің 127-бабында көзделген ақшалай өндіріп алу шарасы өндіріп алу туралы шешімін мәжбүрлеп орындату 172-бап негізінде жүзеге асырылады. Яғни, жауапкерді ақша сомасын төлеуге міндеттейтін, ерікті түрде орындалмаған соттың шешімі атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындалатындай, бұл талап қоюшының арызды бойынша жазылады. Оның мазмұны, жазып беру, сот орындаушысының қаулыларын санкциялау тәртібі ӘРПК-нің 28-тарауда белгіленген ерекшеліктер негізінде Азаматтық процесстің кодекстің қағидаларымен айқындалған. Осы кодекстің негізінде мемлекеттік органдардың әкімшілік қалауы болса татуласу келісіміне келу мүмкіндігі бар.

Сот шешімінің заңмен белгіленген мерзімде орындалмауы соттар жұмысының далаға кетуімен тең. Сондықтан, олардың орындалуы қашан да өзекті. Бұл тұрғыда ең алдымен сот орындаушылардың жауапкершілігі жаңарған қоғам талабына сай күшейтілуі керек.

**Мұхит МҰҚАШЕВ,**  
**Маңғыстау облыстық**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**әкімшілік сотының судьясы**



КӨКЖИЕК

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР НӘТИЖЕСІ

**Аз күннен кейін өтетін бүкілхалықтық референдум нәтижесінде еліміздің бас құжаты – Ата Заңға елеулі өзгерістер енгізіледі және Жаңа Қазақстанға жол ашылады!**

Бүкіл қазақстандық күтіп отырған жаңашылдық осы. Президент биылғы жолдауында Жаңа Қазақстанды құру керектігі, ол үшін еліміздің саяси жүйесін түбірімен өзгерту қажеттігін атап айтқан еді.

Референдум – маңызды мемлекеттік мәселені шешу үшін өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру. Бұл ел тарихында өткізілетін екінші референдум. Бірінші рет 1995 жылы 30 тамызда Конституцияны жаңадан қабылдау үшін өткізілген болатын. Нәтижесінде Конституцияның 55 бабына өзгеріс енгізілді. Оның ішінде Вице-Президент қызметі жойылды, Арбитраж соты жұмысын тоқтатты. Елде тек Жоғарғы Сот қалды. Міне, сол кезден конституциялық реформамен тікелей байланысты сот реформасы басталды.

70 жыл бойы Одақтың құрамында келген еліміз Ата Заңнан тарайтын заңдар базасын қайта жасқтады. Соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді, соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылымы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды. Жоғарғы Сот бірінші сот жүйесіндегі жоғары сот сатысы деп танылды.

Салмақты да жауапты заңдардың



қабылдануы, соттардың мамандандырылуы, судьяларға қойылатын талапты күшейту және оларды материалдық-техникалық жақтықтармен толық қамту да реформа аясында іске асты.

Отыз жыл бұрын қызметке жаңа кіріскен азаматтар бүгінде доғарысқа шығып жатыр. Олар алғашқы кезеңдегі қол машинкаларымен үкім жазған, халық соты болған, яғни, сот билігінің кешегісі мен бүгінгі көз алдарында өткізді. Бұл тәуелсіздік алғаннан кейінгі сот жүйесін жетілдірудің алғашқы кезеңі еді.

Келесі кезеңде электронды сот төрелігін дамытуға барынша көңіл бөлінді. Соттар офлайн және онлайн форматта сот отырыстарын өткізуге заңнамалық және техникалық тұрғыдан толық жауап бере алады. Жоғарғы Сот 2018 жылдан бастап жаңа жобалық менеджментті іске

косты. Ол барлық талапқа жауап беретін ірі жобаларды қамтиды.

Жоғарғы Сот бірқатар жаңа бастамаларды енгізіп отыр. Соның бірі – «Экстерриториялық юрисдикция». Алдағы уақытта сотқа келіп түскен істі IT жүйе автоматты түрде бір соттың нақты бір судьясына емес, республикадағы барлық соттардың арасында бөлетін болады. Сонымен қатар, сот актілерінің жобаларын дайындайтын робот енгізілмек. Бірінші сот тәжірибесін түзетін Digital Analytics IT бағдарламасы іске қосылды.

Технологияның мұндай мүмкіндіктері өткен жылдарда болған жоқ. Тіпті, біз оны көз алдымызға елестете алмадық. Дегенмен, реформа арқасында бізде үздік әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасты.

Биыл Конституцияның үштен біріне өзгеріс енгізілмек. Ата Заңды өзгертуге байланысты жоспар жүзеге асса, Президенттің өкілеттігі қысқарады, Парламент пен мәслихаттардың ролі күшейеді. Конституциялық сот құрылады, өлім жазасы толығымен жойылады.

Мұның барлығы сот билігінің ертеңгі күніне тағы да ауқымды жаңашылдықты, сонымен қоса үлкен реформалардың бастамасын міндеттейтін сөзсіз. Бұл кезеңнің жауапкершілігін орта буын еңсереді.

**Марат АЛДАБЕРГЕНОВ,**  
Маңғыстау аудандық соты  
төрағасының міндетін атқарушы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

САЯСИ НАУҚАН

# ӨЗГЕРІСТІ ҚАЛАСАҢЫЗ, РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

5 маусымда референдум өтеді. Конституциямыздың 3/1 өзгеріп, Ата Заңымыз мүлдем жаңа сипатқа көшпек. Бірақ, 33 бапқа енетін 56 өзгеріске ешкім 56 сұрақ дайындап отырмайды. «Осы реформаны қолдайсыз ба, жоқ па?» – деген жалғыз ғана сұрақ қойылады. Сондықтан Конституциялық реформада не қамтылатынын білген жөн.

Президент Мәжілістің құзыретін күшейту қажет деді. Ал бұны қалай түсінеміз? Мысалы, бүгінгі күні кез келген заң Мәжілісте қаралып, Сенатқа жолданады. Сенаторлар оны 60 күнде қарап, қабылдайды немесе түзетулер жүргізіп Мәжіліске қайтарды. Референдум өтіп, Конституцияға өзгерістер енгеннен кейін, заң қабылдау құқығы, тек Мәжілісте ғана болады. Сенаттың құзыретінде заңды қабылдау немесе мақұлдау болады. Тіпті, Сенат қарсы болса да, Мәжіліс өз ішінде заң жобасын дауысқа салаып, Президентке жолдай алады.

Тағы бір өзгеріс, бүгінгі күні Есеп комитеті Мәжіліске жылына бір-ақ рет қана есеп береді. Өзгерістер енгеннен кейін, Есеп комитетінің аты толық жойылады. Оның орнына Жоғарғы аудиторлық палата құрылады. Оның басшысы Мәжіліске жылына екі рет есеп береді. Бұл өте дұрыс шешім, себебі, лауазымды тұлғалар, жобаларды бастап, кейін орта жолда тастап кетіп жатады. Өзгерістер енгеннен кейін аудиторлық есеп қызметі жылына екі рет есеп беру үшін, қадағалауды күшейтеді.

Ата Заңға қосылатын тағы бір тармақ, Парламент дағдарыс жағдайында шұғыл заң жобаларын қабылдай алады. Мәселен, Пандемия, табиғат апаттары, «қаралы қаңтар» сияқты дағдарыстар кезінде, Үкімет Парламенттің келісімімен жауапкершілікті өз мойнына алып, құқықтық акт ретінде шара қолдана береді. Яғни, жедел шешім қабылдап, бюрократиялық іс-әрекеттерден арылуың жолына түседі.

Конституцияға өзгеріс енгізілгеннен кейін, облыстық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері жанама сайлау арқылы таңдалады. Ол қалай? Президент кемінде 2 немесе одан да көп әкімдікке үміткерді ұсынады. Ұсынылған болашақ әкімдер өз кезегінде, облыстық мәслихат депутаттарының дауысын ғана жинамай, облыстың шалғайда жатқан аудандық мәслихаттары депутаттарының да дауыстарын жинау қажет. Бұл да бір кішігірім сайлау іспеттес. Жанама сайлау дегеніміз осы. Бұл өзгерістердің ар жағында жергілікті басқару органдарының жұмысын жандандыру, халық сайлаған мәслихат депутаттарының ролін күшейту мақсаттары тұрғанын білуіміз қажет. Өйткені, олар биліктегі біздің өкіліміз.

Ал өзіне қойған жауапкершілікті ақтамай, жүйелі жұмыс атқара алмай жүрген әкімдерге не істейміз? Өзгерістерге сәйкес, бұдан былай жергілікті мәслихат депутаттары облыстық және облыстық маңызы бар қала әкімдерін жинап босату туралы Президентке тікелей мәселе қоя алатын болады. Өзгерісті қалайсыз ба, 5 маусым күні референдумға қатысыңыз!

**Мұқағали АҚЫШЕВ,**  
Астрахан аудандық сотының кеңсе меңгерушісі  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

# ЖАРНАМА

## ТАРАТУ

3. «ИнтерГид» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170540007911, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 304 үй. Тел.: 87784937310.

4. «Интерком-С» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170540007959, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Көкөрай көшесі, 75 үй. Тел.: 87784937310.

5. «Кредит24» ЖШС, БСН 130740008462, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050023, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұр-Алатау» ықшамауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, 25А үй. Тел.: 87059882121.

6. «Шәкерім 75» меншік пәтер иелерінің тұтыну кооперативі, БСН 970340004102, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 40 үй. Тел.: 87071257190.

8. «Берекет Финанс Люкс Ломбард» ЖШС, БСН 080140016985, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағым Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Щучье қаласы, Габдуллин көшесі, 1А мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

10. «Қазына-7» несиелік серіктестігі ЖШС-і (БСН 131040018615) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылы, Оразова көшесі, 17 үй.

13. «Бес-Бек» ЖШС БСН: 040540015449 Өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Толстого көшесі, 109 үй

14. «BAND GROUP» ЖШС БСН:160540022882 Өзінің таратылатынын хабарлайды, Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, 17 мөлтек аудан, 1 үй, 47 пәтер.

15. «С.А.П. АСТАНА» ЖШС БСН: 050740000648 Өзінің таратылатынын хабарлайды, Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Кожанова көшесі, 1/11 үй

16. «AISTREAM» ЖШС, БСН 180640023431, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Төлеукадыр Тоқтамысов көшесі, 6 үй. Тел.: 87079836970.

17. «ALSTREAM» ЖШС, БСН 180640022806, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Төлеукадыр Тоқтамысов көшесі, 6 үй. Тел.: 87079836970.

## МҰРАҒЕРЛІК

12. 2022 жылы 17 қаңтарда қайтыс болған Болдырев Александр Ивановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін мұрагерлер нотариус А.А.Амандықоваға Атырау қаласы, мкр.Авангард 3, 75 үй, 5 кеңсе хабарласуларын сұраймыз.

## ӨРТҮРА

9. Екібастұз қалалық соты Хусаинова Рамиля Бовкановнаның, ЖСН 781021401240, 1970 жылдың 20 қарашасында туған, Екібастұз қаласы, Жүсіп көшесі, 50 үй, 39 пәтерде тұрған, 1996 жылы жоғалып кеткенге дейін жұмысыз болған Хусаинова Зулфия Бовкановнаны қайтыс болған деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Соған байланысты Хусаинова Зулфия Бовкановнаның жүрген жері немесе жоғалу жағдайы туралы апараты бар адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш айлық мерзімде Екібастұз қаласы, Қонаев көшесі, 42 үй, индекс 141200, тел.: 8(7187)79-99-03, e-mail: 140214@sud.kz мекенжайы бойынша Екібастұз қалалық сотына хабарласуын сұрайды.

7. Осы арқылы «Холдинг КАЗЭКСПОРТАСТЫК» АҚ, БСН 041040000613, орналасқан мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қ-сы, «Байқоңыр» ауданы, Отырар көшесі,1/1, «Холдинг КАЗЭКСПОРТАСТЫК» АҚ барлық акционерлеріне акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 27 маусымда сағат 11:00-де, мына мекенжайда орналасқан офисте өтеді: ҚР, Нұр-Сұлтан қ-сы, «Байқоңыр» ауданы, М. Габдуллин көшесі, 19/1, 1 т.е.ж. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу сағат 9:30-да басталады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мынадай: «Бұрын Еуразиялық Даму Банкіне берілген кепіл мүлкіне қатысты шешім қабылдау туралы».

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы жоғарыда көрсетілген күні өткізілмеген жағдайда, 2022 жылғы 28 маусымда сағат 11:00-де, мына мекенжайда орналасқан офисте өтеді: ҚР, Нұр-Сұлтан қ-сы, «Байқоңыр» ауданы, М. Габдуллин көшесі, 19/1, 1 т.е.ж. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу сағат 9:30-да басталады.

Кезектен тыс жалпы жиналыс «Холдинг КАЗЭКСПОРТАСТЫК» АҚ Жарғысы, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңы, сондай-ақ, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР заңы негізінде ашық дауыс беру арқылы өтеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу үшін мына телефон нөмірі бойынша хабарласыңыз: 8701-482-43-83, сондай-ақ abdrasimovdanar@gmail.com электронды адресіне жазбаша түрде сұрау жолданыз.

## Жағалама

11. 29.06.2022 жылы сағат 10:00-де Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы, (БСН 041240001292) «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-ның кеңсе ғимаратында серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні хабарланады. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралады: 1.«С.Сейфуллин Жер» ЖШС-ның жарғысына өзгеріс енгізу, 2. Серіктестік директорының өкілеттік мерзімін ұзарту, 3. Аудиторлық ұйымның тексеру қорытындысын бекіту.

## Жоғалту

18. «АК «Евразиян Фудс Корпорэйшн» бастапқы Жарғысының жоғалғаны туралы хабарлайды.

## БАНКРОТТЫҚ

2. Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 16 мамырдағы ұйғарымымен «Аспанай Секьюрити», ЖШС-нің (БСН 080940015430) банкроттығы туралы азаматтық іс қозғалды.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



КМЕ

БИТІМ

# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ НӘР АЛАТЫН ТАМЫРЫ

1997 жылғы 11 шілдеде «Тіл туралы» заң қабылданғаннан кейін Қазақстанның мемлекеттік тілі болып – қазақ тілі белгіленгенін баршамыз жақсы білеміз. Аталмыш заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің тілді оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілеп берді. Сөйтіп, еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың тілдеріне бірдей құрметпен қарауға кең жол ашты. Заңда атап көрсетілгендей, Қазақстанда мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Сондықтан да мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етіп, іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезек-кезекпен көшіруді күн тәртібінен түсірмеуіміз керек.

Судьялар мен сот қызметкерлері сот төрелігін сапалы атқару, әділ шешім шығарумен қатар мемлекеттік тілдің тұғырын биіктетіп, қазақ тілінде сот ісін жүргізу мәселесін жетілдіре түсулері керек деп есептеймін. Мемлекеттік тілге бейне болған қазақ тілінің тағдыры, болашағы бәрімізді де ойландыруы тиіс. Жасыратыны жоқ, Азаматтық процестің кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Көп жағдайда құжаттар орыс тілінде әзірленіп, қажет деп тапқан кезде ғана қазақ тіліне аударылады. Мысалы, біздің сотқа жыл басынан бері 1032 іс келіп түссе, соның тек 163-і ғана қазақ тілінде. Бұл өлшемдік көрсеткіш бойынша 15/8 пайызды құрайды деген сөз.

Сөз реті келгенде айта кету керек, қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл



**Нүргүл ТАНКИЕВА,**  
Ақтөбе облыстық  
мамандандырылған ауданаралық  
экономикалық сотының судьясы

өткен сайын өсіп келеді. Оған себеп – мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі, сот жүйесіндегі басым құжаттар, іс-қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Сот ісін жүргізу тілінде басымдық мемлекеттік тілге беріліп, талап күшейтілді.

Тіл мәселесі біздің бір күндік немесе бір кезендік іс-шарамыз емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі, басты бағыттың бірі. ҚР мемлекеттік тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы, ортақ мақсатқа жетелеуші – жол көрсеткіші екендігін әрдайым есте ұстап отыруымыз керек. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – баршамыз үшін бүгінгі таңдағы ең өзекті, өткір мәселе. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» – деген сөзі дәл бүгінгі заманның тамыр-тынысын дөп басып тұрғандай.

**Мемлекетіміз азаматтардың құқығына қатысты дауды шешудің баламалы тәсілдерін заңнамалық деңгейде бекіткен болатын. Соның бірі – медиация. 2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң қабылданды және 2011 жылы 5 тамызда қолданысқа енгізілді.**

## «ДӘЛДЕП АТЫП ЖАУДЫ ЖЕҢ, ДӘЛДЕП АЙТЫП ДАУДЫ ЖЕҢ»

Медиация дегеніміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылып, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Ол екі жақтың тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді келісімге келуіне жол ашады. Аталған заң жеке және заңды тұлғаларға қатысты азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сонымен қатар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы дауларды шешуге қолданылады. Жеке немесе заңды тұлғалар қатысты азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқық қатынастарынан туындаған дауларды шешу кезіндегі атқарылатын іс-қимылдар медиация туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара

шешімі бойынша медиацияны жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін, бірақ ол күнтізбелік алпыс күннен аспауы керек.

Медиацияда кінәлі және кінәсіз тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы құқықбұзушы адамдарды бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды, қалпына келтіруді көздейді. Қысқаша айтқанда, медиация мүмкіндігінше істі сотқа жеткізбеуге тырысу. Сот жария үдеріс, ал медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді, яғни, медиатордың іс барысында мәлім болған ақпараттарды оны талап еткен тараптардың келісімінсіз жария қылуына жол берілмейді. Сонымен қатар, сот отырысы тараптардың бірінің еркінен тыс өткізілуі мүмкін. Тараптар келісім бойынша медиаторды өздері таңдауға құқылы. Медиаторға жүгіну немесе жүгінбеу қажеттігін тараптар

өзара келісімге келіп шешеді. Мұндай жолмен мәселе шешу мүмкіндігі болмаса, тараптардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиация жүргізу кезінде тараптар дауды реттеу туралы жазбаша нысанда және қол қою

арқылы растайды. Келісімде даудың нысанасы, медиатор туралы деректер, тараптардың келісімге келген шарттары, оларды орындау мерзімі мен тәсілдері көрсетілуі тиіс. Осыған сай, тараптар келісімде көрсетілген шарттарды ерікті түрде орындауға міндетті болып табылады. Бұл шарттар тиісінше орындалмаған жағдайда, медиацияда жасалған келісімді бұзған тарап Қазақстан заңдарында көзделген тәртіппен жауаптылықта болады.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болған кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысты азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дау-шараларға медиация қолданылмайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша да медиация қолданылуға жатпайды.

Бұл жол тараптардың өздері үшін де тиімді болмақ. Себебі, қазіргі таңда адамдар арасында көптеген түсініспеушіліктер орын алууда. Оларды шешу үшін сот жүйесіне жүгіну міндетті емес, осы тұрғыда медиация институтын қолдануға болады. Дегенмен, ел даусыз болмайды. Бірақ «Дәлдеп атып жауды жең, дәлдеп айтып дауды жең» дегендей, шешілмейтін дау жоқ. Оның қаншалықты шешімге келетіні дауласушы тараптардың ұстанымына және медиатордың өзінің жұмысын қаншалықты кәсіби деңгейде атқаратынына байланысты болмақ.

**М.ТОЛТАНОВ,**  
Жаңаөзен қалалық сотының  
судьясы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



ҚЫЗМЕТ

**Жыл сайын сот мұрағатына аяқталған істер, журналдар мен нарядтар, есептік-ақпараттық құжаттар тапсырылады. Мұрағат жұмысының басты бағыты істерді электронды түрде есепке алу мен оларды беру. Судьялар мен сот мамандары мұрағат істерін қызмет бабында қолдануға құқылы. Сондай-ақ, мұрағатшы істерді, материалдарды сақтауға қажетті жағдайларды жасайды, сұрау хаттар бойынша мұрағат істерінен құжаттардың көшірмелерін береді, сот мұрағаты журналын жүргізеді.**

## МҰРАҒАТТАҒЫ ІСТЕРДІ ӨҢДЕУ ТӘРТІБІ

Сонымен қатар, сот істерін сақтау, құжаттандыру және оларды мұрағатқа беру тәртібі Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың, Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің және Соттар әкімшілерінің құжаттарын қалыптастыру, іріктеу, есепке алу, уақытша сақтау және мемлекеттік мұрағат мекемелеріне тұрақты сақтауға тапсыру тәртібі туралы ережелер мен сот мұрағаты туралы үлгі ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Істер номенклатурасы орындалған құжаттарды істерге топтастыру, істерді жүйелеу мен есепке алу, олардың сақтау мерзімдерін анықтауға арналған тұрақты және уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істердің тізімдемесін жасауға, сондай-ақ, уақытша (10 жылға дейінгі) сақтаудағы істерді есепке алу үшін негіз болады.

Мұрағаттағы сот істері, материалдар және басқа құжаттар жылы бойынша ИС АЖ және Төрелік дерекқоры нөміріндегі тәртіппен сақталады.

Істерді қабылдау және өткізу актімен рәсімделеді, онда: 1) іс қағаздарын жүргізудің, есепке алудың, есептіліктің және сот мұрағатының жалпы жағдайы;

- 2) сотта жүргізілетін карточкалардың, журналдардың, кітаптардың, нарядтардың атаулары;
- 3) әр карточкадағы, журналдағы, кітаптағы, нарядтағы нөмірленген беттердің саны;
- 4) орындалмаған құжаттар және қаралмаған істер;
- 5) сот мұрағатындағы құжаттар, мұрағаттағы қылмыстық және азаматтық істердің саны;
- 6) заттай дәлелдемелерді есепке алу кітабындағы жазбаның барлығымен нақты сәйкес келуі көрсетіледі.

Қабылдау-өткізу актісі екі данадан жасалып, қабылдап алу – өткізіп беруге қатысқан адамдардың қолдары қойылады. Және де актінің бірінші данасы мұрағатқа, ал екінші данасы Соттар әкімшісіне тапсырылады.

Жалпы, сот мұрағатындағы істерді өңдеу тәртібі сот ісін жүргізудің негізгі бөлігі болып табылады, сондай-ақ, ақпарат пен мәліметтердің баға жетпес қоры болып саналады. Сондықтан, оның сапасы жұмыс деңгейінің басты көрсеткішіне бағаланады.

**Б.ІЗЕТ,**  
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы

КӨЗҚАРАС

## ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН ЖҮЙЕ ЖАСАМПАЗ

Кейінгі кезде елімізде азаматтардың, заңды тұлғалардың құқығын қорғау мәселесінде бірталай алға жылжу байқалады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында сот жүйесін жетілдіру мәселесіне зор көңіл бөлуде.

Оған дәлел, сот жүйесінде жасалып жатқан ауқымды реформалар. Бес сатыдан үш сатыға көшу, сот отырысын дыбыс және бейне қондырғылары арқылы жүргізу, әкімшілік соттардың құрылуы. Реформада судьяның кәсібилігіне басты рөл беріледі. IT қызметтері негізінде талдауды қолдану, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету, яғни, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мүмкіндіктерін кеңінен және жедел пайдалану, сот практикасының шолуларын пайдалану. Кадрлық мәселелерді шешу мақсатында, судьялардың іріктелуін ашық және айқын өткізу,

сондай-ақ, кадрлардың тұрақталуы мәселесінде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Осы тұрғыда Жоғарғы Сот судьясы болып сот жүйесінде бұрын жұмыс жасамаған жоғары білімді кадрлар тартылууда.

Осы атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі міндеті: әр азаматтың конституциялық құқығын, шетел инвесторларының жұмыс жасауын заң шеңберінде қадағалау және қолдау. Жақында Мемлекет басшысы тағы да сот жүйесінде ауқымды реформа болатынын халыққа жария етті. Бұл сот жүйесін одан әрі жетілдіруге арналған қадам. Осы атқарылып жатқан жұмыстар сот тәуелсіздігін одан әрі жетілдіруді қамтамасыз етеді.

**С.НҮРҒАЛИЕВА,**  
Глубокое аудандық  
сотының судьясы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

**Нұр-Сұлтан** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы  
87757335665

**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zankl@zangazet.kz**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 8019 дана**  
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №70 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31